Топырақта, суда және тамақ өнімдерінде йодтың жетіспеушілігі Қазақстан Республикасы аумағының жартысында белгіленген, ал эндемиялық зоб ошақтары 16 облыстың 13-інде тіркелген. Зоб эндемиясы, әсіресе, Қазақстанның оңтүстігі мен шығысында жиі кездеседі. Аталған аймақтардағы ересек тұрғындар арасында зобтың таралуы 50-60%-ға жетеді. Қазақстанда эндемиялық зобпен сырқаттанушылықтың орташа республикалық көрсеткіші 3,9% құрайды. Бұл саннан жоғары көрсеткіштер Шығыс

Қазақстан (5,7%), Жамбыл (28,9%), Батыс Қазақстан (5,8%) облыстарында және Алматы қаласында (9,3%) тіркеледі [8].

Батыс Қазақстан облысында йод тапшылығының басты маркерлерінің бірі – тиреогеалияның пайда болу жиілігі 32,5%-ды құрады (2016 жыл), бұл қиын жағдайдың көрсеткіші болып табылады. Ұзақ мерзімді зерттеу барысында алынған нәтижелерге сүйенсек, жүкті әйелдер контингентімен бірге 6 мен 12 жас аралығындағы балалар да йод тапшылығының әсеріне ең осал топтарға кіретіні өкінішті. Сондай-ақ, мұнай мен газ өндірудің балалардағы йод тапшылығы жағдайларының ауырлығына әсерін дәлелдейтін зерттеу нәтижелері де қолжетімді [5,6].

Эндокринологтарға, педиатрларға және урологтарға ата-аналар және балалардың өздері құрдастарымен салыстырғанда жыныс мүшелерінің дамуында артта қалушылық туралы шағымдармен жиі жүгінеді [9]. Авторлар Өзбекстан Республикасының әртүрлі аймақтарындағы 1066 жасөспірім ұлдарды бақылау жағдайын талдады. 696 жасөспірімде (65,3%) жыныстық және жалпы дамудың әртүрлі бұзылыстары анықталды, олардың 412-де (38,6 %) бұл патология йод тапшылығы жағдайымен үйлестірілді. Даму бұзылыстарының ішінде 191 жасөспірімде (17,9 %) әртүрлі дәрежедегі жыныстық жетілудің (пубертат) кешігуі жиі кездеседі, сондай-ақ физикалық және жыныстық дамудың кешігуі-126 жағдайды (11,8 %) құрады. Өсудің оқшауланған тежелуі 134 жасөспірімде анықталды (12,5 %). Әр түрлі даму бұзылыстары бар 696 пациенттің 330-ының (47,4 %) себебі қалқанша безі ауруының салдыры ретінде қарастырылды. Йод тапшылығы бар аймақтарда сыни жас кезеңдерінде негізгі танымдық функциялардың қалыптасуының кешігуі байқалады. РМҒА балалар денсаулығы ғылыми орталығының мәліметтері бойынша, мұндай өңірлердегі балалардың 85%-ында интеллектуалдық-мнестикалық тұрғыда ауытқулар бар, оның ішінде балалардың 30%-ында зерттелген функциялардың көпшілігі бойынша өрескел бұзушылықтар анықталды, балалардың 55%-ында әртүрлі дәрежедегі жартылай когнитивтік кемшіліктер анықталды. Алынған нәтижелер йод тапшылығы жағдайлары ұрықтың туа біткен ауытқуларының да, даму бұзылыстарының да қауіп факторы болып табылатыны туралы әдеби деректерін растайды [10].

Соңғы онжылдықта әлемнің дамыған елдерінде тіршілік ету ортасының зиянды ауыр металдармен ластануының теріс әсер ету қаупі, сондай-ақ халықтың тамақтану құрылымының өзгеруіне, экологиялық, өндірістік факторларға, өмір сүру ұзақтығы мен ауру құрылымының өзгеруіне, дәрі-дәрмек жүктемесінің жоғары деңгейіне байланысты өмірлік маңызды химиялық элементтердің тапшылығы туралы алаңдаушылық артып келеді [11]. Йод тапшылығына байланысты аурулардың алдын-алу шаралары қарапайым және оны дұрыс шешкен кезде йод тапшылығы себебінен болатын бұзылыстарды болдырмауды барынша қамтамасыз етуге болады. Бұл мәселеге ДДҰ мен ЮНИСЕФ тарапынан ерекше назар аударылады, осы орайда барлық елдерде йод тапшылығы жағдайларының алдын алу бойынша іс-шаралар кешенін ұйымдастыруды алға қояды. Германиядағы йод тапшылығымен күресудің экономикалық тиімділігін зерттеу нәтижесі йод тапшылығы салдарларын емдеу олардың алдын алудан 20 есе қымбат екенін көрсетті [12].

Қорытынды. Йод тапшылығының медициналық-әлеуметтік және экономикалық маңызы – бүкіл ұлттың зияткерлік дамуын және кәсіби әлеуетін айтарлықтай жоғалту қаупінде болып табылады. Сонымен қатар, мәселенің өзектілігі жүктілік барысында әйелдерде туындаған зоб үрдісінің кері қайтпауына байланысты, бұл қалқанша безінің патологиясының қалыптасуына алғышарттар жасайды. Осы орайды, қазіргі эндокринология мен эндокриндік хирургияда қалқанша безінің аурулары кешенді тәсілді және оны шешуді қажет ететін маңызды әлеуметтік мәселе болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Корнев С.В. Рак щитовидной железы на территориях, загрязненных радионуклидами: основные факторы риска. Медицинская радиология и радиационная безопасность. 2005; Т. 50, № 4; 43-55
2. Исмаилов С.И., Рашитов М.М. Прогресс в области профилактики йододефицитных заболеваний в Республике Узбекистан (1998-2016) // Клиническая и экспериментальная тиреоидология. – 2016. – Т. 12, № 3. – С. 20-24.,
3. Исмаилов С.И., Рашитов М.М. Результаты эпидемиологических исследований распространенности йододефицитных заболеваний в Республике Узбекистан // Международный эндокринологический журнал. – 2017. – Т. 13, № 3. – С. 197-201
4. Каримова М.М., Исмаилов С.И. Динамика количества и объема хирургических операций узловых форм зоба в условиях йодообеспеченности (1984-1990) и йододефицита (1999-2005) в Узбекистане // Вестник современной клинической медицины. – 2019. – Т. 12, № 6. – С. 28-33.,
5. Кудобаева Х.И. и др. Роль дисбаланса микроэлементов в развитии эндемического зоба у школьников нефтегазоносных районов Западного региона Республики Казахстан // Микроэлементы в медицине. – 2016. – Т. 17, № 2. – С. 36-44
6. Батырова Г.А. и др. Распространенность тиреомегалии в Западно-Казахстанской области по данным ультразвукового исследования щитовидной железы // Вестник Казахского национального медицинского университета. – 2016. – № 4. – С. 419-423.,
7. Султаналиева Р.Б., Бейшекеева Г.И., Герасимов Г.А. Оценка обеспечения питания йодом беременных и кормящих женщин в Кыргызстане // Клиническая и экспериментальная тиреоидология. – 2016. – Т.12, №1. – С. 34-37.
8. Кудобаева Х.И. Базаргалиев Е.Ш. Кошмаганбетова Г.К. О проблеме йододефицитных состояний в Республике Казахстан// Медицинский журнал Западного Казахстана №3 (39) 2013 г.
9. Бруно де Бенуа, Швец О.В. Устранение дефицита йода — одна из ключевых задач здравоохранения // Международный эндокринологический журнал. - 2011. - № 6 (38). - С. 12-18.
10. Urmanova Yu.M., Mavlonov U.Kh., Khodzhaieva F.S. The value of screening to identify risk factors for delayed puberty in adolescent boys and correlations with iodine deficiencies in various regions of the republic of Uzbekistan/ International journal of endocrinology, ISSN 2224-0721 № 1(65) • 2015
11. Savchenko O.V., Toupelev P.A. / Lead, cadmium, manganese, cobalt, zinc and copper levels in whole blood of urban teenagers with non-toxic diffuse goiter. //Int J Environ Health Res. -2012 -22(1):51-9. doi: 10.1080/09603123.2011.588324. Epub 2011 Jun 9.
12. Andersson M., Karumbunathan V., Zimmermann M.B. /Global iodine status in 2011 and trends over the past decade //J Nutr. -2012 Apr 1 -42(4):744-50. Epub 2012 Feb 29.

СТУДЕНТТІК ОРТА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОҒАМҒА НАСИХАТТАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Ахметова П.Е.¹, Айтманбетова А.А.².

¹ «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

² С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Саламатты өмір салтын (СӨС) ұстанатын халықтың үлесін арттыру – «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасының маңызды бағыты. Замануи өмірдің қарқынды ағыны адамдардың денсаулығына кері әсерін тигізбей қоймайды. Жолда жүре тамақтану, күйзеліс, ұйқының қанбауы және

физикалық белсенділік 21 ғасырдың өмір салтымен үнемі бірге жүреді. Индустрияландыру үрдістеріне байланысты әлемнің барлық дерлік ірі қалаларының серігі болып табылатын тығыз жол қатынасы қозғалыстары, нашар экологиялық мәселелер – салауатты өмір салтын ұстануды ауырататын факторлар.

Қазіргі уақытта денсаулық сақтау саласындағы көптеген мемлекеттік қаулыларға қарамастан, Қазақстан денсаулық деңгейі бойынша 167 елдің рейтингінде 84-ші орынға ие болды. Әрине, бұл тұста Ресей мен Қырғызстанды басып озғанын айта кеткен жөн /<https://energyprom.kz/> Рейтинг көрсеткендей, барлық елдер әртүрлі себептермен зиянды өмір салтына бейім. Мұнда Шығыс Еуропаны лидерлік танытқанымен, физикалық белсенділік жеткілікті болып көрінетін және жаман әдеттер жоқ деп саналатын Океанияда да семіздікті белгілері жеткілікті.

СӨС туралы екі деңгейден айтуға болады: халықты тәрбиелеу (микро-деңгей) және ақылға қонымды мемлекеттік саясат (макро-деңгей). Мемлекеттік басқару деңгейіне тоқталсақ, ҚР бюджетінің 2024 жылға арналған шығыстары – 24 трлн теңге. Сонымен қатар, міндетті медициналық сақтандыруды енгізуге қарамастан, елде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі жұмыс істейтінін ұмытпауымыз керек әрі ол барлық азаматтар үшін бюджет есебінен төленеді. Сонымен, жалпы денсаулық сақтау жүйесіне бюджетте 2,38 трлн теңге қарастырылған /<https://bes.media/news/24-trln-tenge>.

Денсаулық сақтау жүйесіне жұмсалатын шығыстардың шамасы осы проблемаға мемлекет қатынасының көрсеткіші болып табылады, Ол өз кезегінде оны ел халқының қабылдауынан да көрінеді. Бұл бұрыннан мемлекеттен тиісті қолдау таппай келе жатқан әлеуметтік проблема. Халықтың денсаулықты сақтаудағы мінез-құлқының маңыздылығы мен мемлекеттік саясаттың бағыттары туралы түсінігін қалыптастырудың нақты қажеттілігі арасындағы қайшылық зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе болып табылады.

Осы орайда, зерттеу нысаны ретінде студенттік орта белгіленіп, ғылыми жұмыстың мақсаты - студенттер арасында салауатты өмір салтын ынталандыра отырып қоғамға интеграциялау болып табылды.

Зерттеу мақсатына жетуде салауатты өмір салтын зерттеудің негізгі бағыттарын отандық және шетелдік әдебиеттерде шолу қарастырылды. Сонымен қатар зерттеу орны бойынша студенттердің денсаулығын сақтаудың негізгі тәжірибелерін талдау, СӨС қағидаттары туралы негізгі ақпараттық арналарды анықтау міндеттерін шешу жоспарланды.

Магистрлік жұмыста қолданылатын зерттеу әдістері: теориялық –социологиялық, медициналық әдебиеттерді, сондай-ақ қажетті нормативтік-құқықтық актілерді талдау; эмпирикалық – сауалнама көмегімен зерттеу.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы диссертациялық зерттеудің нәтижелерін жастарда СӨС қалыптастыру саласындағы мемлекеттік саясатты білім беру және заң шығару деңгейінде жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін пайдалану мүмкіндігімен анықталады.

Ғылыми талдаулар қазіргі уақытта кез-келген елдің даму болашағын анықтайтын халықтың денсаулығы екеніне күмән келтірмейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша, денсаулықтың – аурудың немесе физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, толық физикалық, психикалық және әлеуметтік оптимальды жағдайы анықтамасы денсаулықтың нақты болмауының маңыздылығын ғана емес, сонымен қатар денсаулықты сақтау мінез-құлқына назар аударады, оның мәні денені тепе-теңдікке келтіру болып табылатынын айтады [1,2].

Салауатты өмір салтының негізгі элементтері: қоршаған орта (өмір сүру үшін қауіпсіз және қолайлы); тамақтану: белгілі бір адамның физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетін, сондай-ақ тұтынылатын өнімдердің сапасы туралы хабардар болу; жас және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, физикалық белсенді өмір сүру; дене гигиенасы: жеке және қоғамдық гигиена ережелерін сақтау, алғашқы медициналық көмек дағдыларын меңгеру; жаман әдеттерден бас тарту [3,4].

СӨС -ның жоғарыда аталған компоненттері тек субъективті болып табылады, бұл адамның өз денсаулығын сақтауға белсенді қатысуын білдіреді, алайда салауатты өмір салтына деген ұмтылысында максималды жетістікке жету мүмкіндіктерімен тығыз байланысты СӨС объективті компонентін бағаламауға болмайды.

Студенттердің СӨС ережелері мен құрылымы туралы хабардар болуын анықтау мақсатында 2024ж Алматы қаласының медициналық жоғары оқу орнының қоғамдық денсаулық сақтау мамандығының студенттері қатысқан сауалнама арқылы зерттеуге 90 респондент жауабын құрады. Оның ішінде 71% қыздар мен 29% ұлдар. Респонденттердің жасы 19 мен 22 жас аралығында.

«Сіздің өзіңіздің өмір салтыңызды жақсарту үшін нақты әрекетіңіз» сұрағына 20% - ештеңе, қалғандары: өздерінің тамақтануын анағұрлым толық және әр түрлі етуге тырысатынын (48%), толыққұнды ұйықтап демалу (51%) және қозғалыс белсенділігінің мөлшерін (38%) арттыруға тырысатынын атап өтті. Студенттердің пікірінше, СӨС үздік триадасы: дұрыс тамақтану, жаман әдеттерден бас тарту және жеткілікті физикалық белсенділік. Осылайша, студенттердің негізгі әрекеттері ең маңызды деп санайтын салауатты өмір салтына бағытталған деп айтуға болады.

Жаман әдеттерден бас тартуды студенттердің өздері СӨС негізгі критерийлерінің бірі ретінде ажыратады. Дегенмен, студенттердің 11% - ы тұрақты негізде немесе андасанда темекі шегеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері денсаулық сақтау белсенділігі туралы терең білімнің болмауы, соның ішінде мемлекеттік деңгейде бұл мәселені реттеудің жеткіліксіздігі студенттердің өз денсаулығының маңыздылығын қабылдауына әсер ететін себептердің бірі екендігіне нұсқайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ежегодная информация об исполнении федерального бюджета. Предварительные данные за 2018 год от 03.04.2019.

2. Здоровье-2020 Лидерство в интересах здоровья и благополучия в Европе в XXI веке. ВОЗ. Проект 1. 2012 г.

3. Мировая статистика здравоохранения — 2018: мониторинг здоровья для следования Целям устойчивого развития. URL: <https://materials/mirovaya-statistika-zdravookhraneniya-2018-monitoring-zdorovya-dlya-sledovaniya-tselyam-ustoychivogo/> (Дата обращения 01.05.19)

4. World Health Organization (WHO), Global action plan for the prevention and control of NCDs 2013-2020, 2014.

ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР САПАСЫН ЗЕРТТЕУ (ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ)

Сукенова Д.А., Нурбақыт А.Н., Изекенова А.К.

*С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы,
Қазақстан*

Қартаю және егде жастағы халықтың жасының ұлғаюы - бұл көптеген қауымдастықтар үшін күрделі мәселелерді тудыратын құбылыс [1]. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қартаюды адамдардың биологиялық, психологиялық және әлеуметтік өзара әрекеттесуіндегі прогрессивті өзгерістер процесі ретінде сипаттайды [2]. Дамушы елдерде 60 жастан асқан адамдар қарт адамдар деп аталады. ДДҰ мәліметтері бойынша, егде жастағы адамдар үш топқа бөлінеді: 60-74 жас, 75-90 жас және 90 жастан асқан қарттар. Тиісінше, әлемдегі егде жастағы адамдардың саны 900 миллионға жуықты

құрап отыр және 2050 жылға қарай екі миллиардқа жетеді деген болжам бар. Егде жастағы адамдар әлем халқының тез өсіп келе жатқан үлесінің бірін құрайды [3].

Егде жастағы адамдардың өмірінің мақсаты жай ғана өмір сүру емес, олардың өмір сүру сапасы да маңызды екені түсінікті. Өмір сапасы ұғымы өте кең және ол динамикалық, мәдени, әлеуметтік және экологиялық даралықты ескереді және ДДҰ мәліметтері бойынша адамдардың өмірлік жағдайын, олардың үміттерін, стандарттары мен мәселелерін түсіндіреді. Өмір сапасы - бұл адамның өмірлік мәртебесі немесе оның өміріне қанағаттануы туралы субъективті және тұжырымдамалық пайымдау. Бұл егде жастағы адамдар үшін көп өлшемді тұжырымдама және әлеуметтік саясатқа көп көңіл бөлуді және өнімді өмір құру үшін әлеуметтік мақсаттарды өзгертуді білдіреді [4].

Егде жастағы адамдардың өмір сапасына үш фактор әсер етеді: аурудың болмауы, өмірге бейімделу және менталды, психологиялық құзыреттілік. Денсаулық егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын анықтайтын ең маңызды фактор болып саналады, жас ұлғайған сайын бұл көрсеткіш төмендейді [5]. Өмір сапасына көптеген әсер етуші факторлар, соның ішінде созылмалы қабыну аурулары, депрессия және әлеуметтік қолдау мәселелері әсер етеді. Егде жастағы адамдарға өмір сүру ұзақтығын ұзарту үшін ғана емес, олардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін де қолдау көрсетілуі керек. Динамикалық қартаю - егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін денсаулықты нығайту, белсенді түрде іс-шараларға қатысу және қауіпсіз өмір сүру мүмкіндіктерін оңтайландыру процесі. Әлеуметтік орта, әлеуметтік-экономикалық статус және көрсетілетін медициналық көмектің сапасы, тәуелсіздік, отбасымен және достарымен қарым-қатынас, бос уақыт, физикалық және психикалық денсаулық қарт адамдардың өмір сапасына әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. Егде жастағы халықты әлеуметтік қолдау өмір сүру сапасын жақсартуға және салауатты қартаюды қамтамасыз етуге бағытталған қызметтер мен іс-шаралардың кең ауқымын қамтиды [6]. Әлеуметтік қолдау тұжырымдамасы келесі мәселелерді қамтуы мүмкін: зейнетақы төлемдері мен жеңілдіктер - егде жастағы адамдарға зейнетақы және басқа да жәрдемақылар түріндегі мемлекеттік қолдау; сапалы медициналық көмекке, оңалтуға және емдеуге қол жеткізу; әлеуметтік қызметтер-тұрмыстық мәселелерде қолдау, бос уақытты ұйымдастыруға және әлеуметтік іс-шараларға қатысуға көмектесу; психологиялық қолдау-кеңес беру және психологиялық мәселелер мен жалғыздықты жеңуге көмектесу; білім беру бағдарламалары, яғни үйірмелер мен мәдени іс-шараларға қатысу мүмкіндігі; тұрғын үй және күтім қызметтерімен қамтамасыз ету; көлік пен инфрақұрылымға қол жеткізу-егде жастағы адамдардың қозғалысы мен дербестігі үшін қолайлы жағдайлар жасау. Егде жастағы адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету және олардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін мемлекет, қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғалардың бірлесіп жұмыс істеуі маңызды [7]. Егде жастағы адамдар өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін әртүрлі қолдауды қажет ететін қоғамның ең осал топтарына жатады және әлеуметтік қолдау маңызды, себебі әлеуметтік қарым-қатынас егде жастағы халықтың өмір сүру сапасын анықтайтын негізгі фактор болып табылады [8-9]. Қартаюдың физиологиялық үрдісінен туындаған бұзылулардың салдары егде жастағы адамдардың өмірінің әлеуметтік өлшемінде көбірек байқалады және бұл өлшем денсаулыққа, әсіресе өмір сапасына тікелей әсер етеді [10-11]. Әлеуметтік қолдау түрлеріне назар аудару және оларды күшейту егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасы мен моральдық жағдайын жақсарту үшін әлеуметтік капитал ретінде қарастырылуы мүмкін [12].

Көптеген зерттеулердің нәтижелері медициналық-әлеуметтік қолдаудың орташа көрсеткіші мен егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасы арасында айтарлықтай тікелей байланыс табылғанын көрсетті. Әр түрлі салалардағы қарттардың өмір сүру сапасын жақсартудағы әлеуметтік қолдаудың маңызды рөлін ескере отырып, оны жеке тұлғаның салауатты өмір сүру сапасын қамтамасыз етудің маңызды факторы ретінде қарастыруға болады, бұл өз кезегінде өзін-өзі бағалау сезімін арттырады. Сондай-ақ, қарт адамдарға әлеуметтік қолдаудың әртүрлі түрлеріне назар аударуды қарттардың өмір сүру сапасы мен

психикалық денсаулығын жақсарту үшін арзан ресурстардың бірі және әлеуметтік капиталды қалыптастыру көзі ретінде қарастыруға болады. Егер біз балалық шақтан жасөспірімге ауысқаннан кейін қартаю кезеңін анықтасақ, қартаюды ең аз алаңдаушылықпен, жоғары өмір сапасымен және жан тыныштығымен жеңілдету үшін көмекші ресурстарды барынша пайдалану үшін дұрыс жоспарлауды құру қажет болады. Қоғамда егде жастағы адамдар әлеуметтік қолдау алатынына сенімді болған кезде, олар сапалы өмір сапасын қалыптастыруы мүмкін және өмір сүру ұзақтығы жоғарылайды.

Зерттеудің нәтижелеріне сәйкес, егде жастағы адамдарға медициналық-әлеуметтік аспектілерін күшейту үшін стратегиялық жоспар құру барысында егде жастағы адамдардың қажеттіліктері мен әлеуметтік қолдауға мұқтаждықтарын ескеру өте маңызды.

Қорытынды: әлеуметтік қолдаудың көлемі егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, қарттардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін барлық қажеттіліктерді уақтылы зерттеу және жан-жақты талдау жүргізуді талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. WHO. WHO launches baseline report for decade of healthy ageing. 2020. <https://www.who.int/news/item/17-12-2020-who-launches-baseline-report-for-decade-of-healthy-ageing> (accessed Jan 28, 2020).

2 WHO. 1st world report on ageing and health. 2015. <http://www.who.int/ageing/events/world-report-2015-launch/en/> (accessed Jan 28, 2020).

3 WHO. WHO global strategy and action plan on ageing and health (2016–2020). 2016. http://apps.who.int/gb/ebwha/pdf_files/WHA69/A69_17-en.pdf (accessed Jan 28, 2020).

4. Saber M, Nosratabadi M. Social support and health-related quality of life in elderly people covered by the Welfare organization of Kerman city. *J Health Develop.* 2014;3:189–99.

5. Safavi S. Comparing quality of life, social support and depression among elderly living at home and nursing home residents. *JGN.* 2015;1:34–46.

6. Niknam F, Homayouni A, Mohammadi AK. Relationship among social support, quality of life and loneliness of the elderly. *Int J Adv Biotechnol Res.* 2016;7:1365–73.

7. Zarifnejad G, Saberi Noghabi E, Delshad Noghabi A, Koshyar H. The Relationship between social support and morale of elderly people in Mashhad in 2012. *J Rafsanjan Univ Med Sci.* 2014;13:3–12.

8. Seyfzadeh A. The relationship between perceived social support and health in the elderly adults case study: Azarshahr. *J Gerontol.* 2016;1:40–7.

9. Soltani T, Morowatisharifabad M, Fallahzadeh H, Jafari A. Social support and its relation with daily activities among elderly people of Yazd. *J Community Health Res.* 2015;3:270–7.

10. Şahin DS, Özer Ö, Yanardağ MZ. Perceived social support, quality of life and satisfaction with life in elderly people. *Educ Gerontol.* 2019;45:69–77.

ОРГАНИЗАЦИЯ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ КОНТИНГЕНТУ РГП НА ПХВ «РЕСПУБЛИКАНСКИЙ КЛИНИЧЕСКИЙ ГОСПИТАЛЬ ДЛЯ ВЕТЕРАНОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ»

Джумасейтова Г.Т. Куракбаев. Бримжанова.М.Д. Қайырбек А.М.

Введение. Республиканский клинический госпиталь для инвалидов Отечественной войны организован в 1943 году на базе Днепропетровского эвакуационного госпиталя. До 1988 года оказывал медицинскую помощь только участникам и инвалидам Великой Отечественной войны, с 1988 года - войнам-интернационалистам, с 1990 года - лицам,

получившим ионизирующее излучение при аварии на Чернобыльской атомной электростанции, а с 2001 года - лицам, получившим ионизирующее излучение вследствие испытаний на Семипалатинском ядерном полигоне, членам семей погибших военнослужащих и реабилитированным жертвам массовых политических репрессий. ¹

РГП на ПХВ «Республиканский клинический госпиталь для ветеранов Отечественной войны» – оказывает специализированную медицинскую помощь, в том числе консультативно-диагностическую, стационарную и реабилитационную, инвалидам и участникам Отечественной войны, лицам, приравненным к ним по льготам и гарантиям, лицам подвергшихся воздействию ионизирующего излучения, гражданам, пострадавшим от деятельности Семипалатинского испытательного ядерного полигона.

Методы. Проводилось количественное исследование статистики. Были взяты количественные данные в процентах.

Материалы:

Стратегический план развития РГП на ПХВ «РКГВОВ»

Годовой отчет РГП на ПХВ «Республиканский клинический госпиталь для Отечественной войны» за 2023 год.

Отчет о движении больных и коечного фонда РГП на ПХВ «РКГВОВ» О контингентах.

Каждый месяц Госпиталь передает по 20 регионам Республики карты-направления с днями заезда в госпиталь, далее приемное отделение работает утвержденным графиком. Каждый регион в соответствии с датой указанной в карте и соответствии с кодом заболевания регистрирует прикрепленный контингент госпиталя в портал-Бюро Госпитализации.

Поступило в РКГВОВ за 2023 год – 4180 пациентов.

Госпиталь 2023 году лечились всего – 4180 пациентов. Из них УОВ (участники Отечественной войны) – 4. ВИ (войны интернационалисты) – 869. ЛПИИ-Ч (лица подвергшихся радиации на Чернобыльском АЭС) – 298. ЛПИИ-С (лица пострадавших на Семипалатинском ядерном полигоне) – 2569. Семья погибших – 4. Прочее – 436.

В отделение терапии лечению прошли всего 1987 пациентов. Из них УОВ (участники Отечественной войны) – 3. ВИ (войны интернационалисты) – 399. ЛПИИ-Ч (лица подвергшихся радиации на Чернобыльском АЭС) – 144. ЛПИИ-С (лица пострадавших на Семипалатинском ядерном полигоне) – 1439. Семья погибших – 2.

В отделение неврологии лечились всего 1721 пациентов. Из них УОВ (участники Отечественной войны) – 1. ВИ (войны интернационалисты) – 462. ЛПИИ-Ч (лица подвергшихся радиации на Чернобыльском АЭС) – 153. ЛПИИ-С (лица пострадавших на Семипалатинском ядерном полигоне) – 1103. Семья погибших – 2.

В отделение реабилитации лечению проходили 472 пациентов. Из них ВИ (войны интернационалисты) – 8. ЛПИИ-Ч (лица подвергшихся радиации на Чернобыльском АЭС) – 1. ЛПИИ-С (лица пострадавших на Семипалатинском ядерном полигоне) – 27. Прочее – 436.

В нашем госпитале только плановая госпитализация. 2023 году среди всех отделений клиники самыми востребованными являются отделения неврология.

Лица с инвалидностью за 2023 году в нашем госпитале 30,7% от общего количества, всего 1142 пациентов из них инвалиды первой группы – 21. II группы – 289. III группы – 832. С равнения с 2022 году лица с инвалидностью было 33,7% от общего количества. Всего 1163 пациентов из них инвалиды первой группы – 35. II группы – 309. III группы – 819. Что показывает нам по результатам исследования 2023 году инвалидов меньше на 3% от общего количества.

2023 году участников Отечественной войны пролечилось всего 4 пациентов. С равнением 2022 году участников Отечественной войны пролечились 10 пациентов.

Охват контингента 2023 году УОВ (участников Отечественной войны) составил- 4 пациента 0,09%.

ВИ (войны интернационалисты) – 869 пациентов 20,8% (увеличилось на 1,75% сравнение 2022 годам. 19,05% 730 пациентов было 2022 году).

Выводы. Каждым годам уменьшается количества инвалидов и участников Отечественной войны. Госпитале 2023 году пролечились всего – 4180 пациентов из них участников Отечественной войны пролечилось – 4 это 0,09% от общего количества. 2022 году всего лечению проходили 3282 пациентов из них участников Отечественной войны пролечились – 10 (0,26%) от общего количества.

Большой процент наших пациентов 60лет и старше, что требует применения методов наблюдения, ухода и лечения за пациентами геронтологического профиля. Сотрудники Госпиталя обладают необходимым уровнем подготовки для работы с пациентами нашего профиля.

Источник:

1. <https://company.medelement.com/>
2. Годовой отчет РГП на ПХВ «Республиканский клинический госпиталь для Отечественной войны» за 2023 год.
3. Отчет о движения больных и коечного фонда РГП на ПХВ «РКГВОВ» О контингентах.

МИКРОАНГИОПАТИЯНЫҢ КӨРІНІСТЕРІН ЕРТЕ ДИАГНОСТИКАЛАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДЕРУ

Сандыбек Ә.Б., Ахметов В.И., Попова Т. В.

«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті, Алматы қ., Қазақстан

Кіріспе. Мидың майда тамыр ауруы, сонымен қатар церебральды микроангиопатия деп аталады, бұл майда артериялардың, артериолалардың, капиллярлардың, венулалардың немесе ұсақ тамырлардың патологиясымен байланысты мидың зақымдануының қолшатыр термині [1]. Бұл тамырлы деменцияның / когнитивті бұзылулардың ең көп тараған себебі және ишемиялық және геморрагиялық инсульттің негізгі себебі болып табылады. Кішкентай тамырлардың созылмалы аурулары жасына байланысты жиі кездеседі [2]. Жалпы популяцияда ақ заттардың зақымдануының таралуы 39-дан 96% - ға дейін. Кішкентай тамырлардың созылмалы ауруы көбінесе бейнелеу кезінде кездейсоқ асимптоматикалық нәтиже болып табылады [3]. Алайда, бұл тамырлы деменцияны тудырады және жалпы популяциямен салыстырғанда (бір зерттеуде сәйкесінше 100% қарсы 92%) деменциямен ауыратын науқастарда (тамырлы деменция, Альцгеймер ауруы, Льюи денесінің деменциясы) жиі кездеседі [4]. Ең алдымен, қан қысымының үнемі жоғары көрсеткіштері кіші диаметрлі тамырларға теріс әсер етеді. Нәтижесінде АҚ медулла зақымдалады, периваскулярлық кеңістіктің кеңеюі байқалады, лакунарлы инфаркттар дамиды – кіші ену артериясымен қоректенетін шектеулі аймақта қан айналымының жедел бұзылуы.

Мақсаты. Нейродегенеративті аурулар секілді асқынулардың пайда болуын болдырмау мақсатында микроангиопатияның таралуын бағалау және ерте диагностика көрсетуді оңтайландыру.

Материалдары мен әдістері. Ақпаратты талдау әдісі: отандық және шетелдік әдебиеттер, мақалалар, арнайы статистикалық мәліметтер, құқықтық актілерді талдау. Ретроспективті эпидемиологиялық әдіс: 2021 - 2023 жылдарға арналған №5 қалалық клиникалық ауруханасындағы 1,5 теслалық магнитты-резонансты томография аппаратындағы аксиаль, сагиталь, коронарлы әдістермен түскен бас миының зерттеуінің статистикалық мәліметтері.

Қорытынды. Микроангиопатияның көрінісін ерте диагностикалауды ұйымдастыруды жақсарту үшін келесі қадамдарды қарастыруға болады:

Ақпарат: микроангиопатияның алғашқы белгілері мен белгілері туралы пациенттер мен медициналық қызметкерлерге білім беру бағдарламалары мен науқандарын жүргізу. Бұл ауру туралы хабардарлықты арттырады және ерте диагноз қоюға ықпал етеді.

Медициналық персоналды оқыту: микроангиопатияны ерте диагностикалау үшін дәрігерлер мен медбикелерге арнайы білім беру. Бұл медицина қызметкерлерінің уақтылы және дәл диагноз қою үшін білімі мен дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді.

Диагностикалық хаттамаларды әзірлеу: микроангиопатияны диагностикалау үшін стандартты хаттамаларды әзірлеу және енгізу. Бұл диагностикалық тәсілді біріздендіруге көмектеседі және ауруды тиімдірек және дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Мамандар арасындағы үйлестіру: науқасты жан-жақты бағалауды және дәл диагнозды қамтамасыз ету үшін әртүрлі мамандықтағы дәрігерлерді (мысалы, кардиологтар, эндокринологтар, невропатологтар және т.б.) қамтитын микроангиопатияны ерте диагностикалау үшін көп функциялы командалар құру [5].

Мониторинг және кері байланыс: микроангиопатия диагностикасының тиімділігін бақылау және процесті ұйымдастыруға қажетті түзетулер енгізу үшін мониторинг және кері байланыс жүйесін енгізу.

Пациенттерді тарту: микроангиопатияны ерте диагностикалау процесіне пациенттерді белсенді тарту, мысалы, ақпаратқа қол жеткізу, скринингтік бағдарламалар жүргізу және қолдау көрсететін қауымдастықтар құру.

Бұл шаралар микроангиопатияның көрінісін ерте диагностикалауды ұйымдастыруды жетілдіруге және аурудың уақтылы анықталуын қамтамасыз етуге көмектеседі, бұл өз кезегінде емдеуді ерте бастауға және аурудың асқынуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шевченко О.П., Болотов А.В., Марцевич С.Ю. Мозговая микроангиопатия: эпидемиология, патогенез, клиника, лечение. Неврологический журнал. 2016; 21(6): 9–14.

2. Zhang Y, Qian Y, Zhang H, Xu H, Zhang Y, Zhang S, et al. Cerebral Microangiopathy in Alzheimer's Disease Patients: A Pathological Aspect of Amyloid β and APPswe Mutant Mouse Brains. Neural Plast. 2016; 2016: 205275.

3. Pantoni L. Cerebral small vessel disease: from pathogenesis and clinical characteristics to therapeutic challenges. Lancet Neurol. 2010; 9(7): 689-701.

4. Vatankhah B, Mocco J. Case study: A patient with chronic microvascular ischemic disease. Medscape. 2017. доступно на: <https://www.medscape.com/viewarticle/884546>

5. Patel B, Markus HS. Magnetic resonance imaging in cerebral small vessel disease and its use as a surrogate disease marker. Int J Stroke. 2011; 6(1): 47-59.

ҚЫЗЫЛША ЖҰҚПАСЫНЫҢ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАРАЛУЫН ҚАДАҒАЛАУ

Саржанов Е.Ж.¹, Айтманбетова А.А.², Мухамадиева Б.Н.¹, Абдукаримова Г.Б.¹

¹*«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті, Алматы, Қазақстан*

²*С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан*

Тақырыптың өзектілігі. Қызылша жоғары жұқпалы (95% -дан астам) жедел вирустық ауруларға жатады, науқастардың едәуір бөлігінде ауыр ағыммен сипатталады. XX ғасырдың аяғында ДДҰ мәліметтері бойынша қызылшадан болатын өлім-жітім мен оның асқынуларының жылдық саны шамамен 2,5 млн.жағдайды құрады [Centers for

Disease Control and Prevention. Global measles mortality, 2000-2008 / MMWR Morb Mortal Wkly Rep. -2009]. Әлемде қызылша инфекциясының таралуы белең алуы мен әлеуметтік маңыздылығына байланысты 2010 жылға қарай қызылшаны жою бағдарламасы жасалды. Қызылшаның маңызды ерекшелігі – бұл антропонозды ауру. Сонымен қатар, инфекциядан кейінгі және вакцинациядан кейінгі арнайы антиденелер «жабайы» қызылша вирустарының барлық белгілі генотиптерін бейтараптандырады, бұл мүмкіндік вакцинациядан кейінгі популяциялық иммунитетті қалыптастыру арқылы қызылшаны жою бағдарламасын жүзеге асырудың маңызды алғышарты болып табылады.

Жүргізілген есептеулерге сәйкес, жұқтыру тізбегін тоқтату үшін 4 жасқа дейінгі топта 85% иммундық қабат қажет, 90% – 5 жастан 10 жасқа дейін және 95% – 14 жастан жоғары (Ramsay M., 1998).

Қазіргі уақытта ДДҰ талаптарына сәйкес, вакциналармен қамту халықтың кемінде 95% -. құрауы тиіс.

Көптеген елдерде қызылша мен қызамыққа қарсы біріктірілген вакцинация жүзеге асырылады. Осылайша, қызамықты жоюға қызылшаны жою жұмыстары арқылы қол жеткізуге болады.

ДДҰ қамқорлығымен жүргізілген қызылша мен қызамыққа қарсы халықты жаппай вакцинациялау саясаты айтарлықтай нәтиже берді. Қызылша ауруы күрт төмендеді, сонымен қатар бұл инфекциядан болатын өлім-жітім айтарлықтай төмендеді (Vauloup-Fellous S., 2018). 2015 жылға қарай қызылшаны толығымен жою міндеті жақын және шынайы болып көрінді. Алайда, алғашқы үміт берген нәтижелерден кейін 2008 жылдан бастап көптеген вакцинациямен қамтылған елдерден қызылшаның бұрқетпесі тіркеле бастады. Қызылшаны жою мерзімі 2020 деп аталған болатын.

Алайда, 2014 жылы аурушылдық жоғарғы көрсеткіштерге жетті, содан кейін әлемнің әртүрлі елдерінде 2017 жылдан бастап аурудың қайта өсуімен ауысқан қысқа сауығу кезеңі орын алды. 2016-2017 жылдары Румынияда 7000-нан астам адам ауырып қалды, олар негізінен қызылшаға қарсы егілмеген кішкентай балалар болды. Бұл бұрқетпе өлімге жағдайына да әкелді [1,2].

ДДҰ мәліметтері бойынша, әлемде қызылшамен ауырғандар саны 2018 жылы – 339138 және 2019 жылы – 519490 адамды құрады

Фактілер, әрине, белсенді вакцинацияға қарамастан, қызылшаны жоюға әлі қол жеткізу мүмкін емес екенін көрсетеді. Ресей Федерациясында қызамық ауруы өте төмен деңгейде, бұл осы инфекциямен жағдайды қолайлы деп санауға мүмкіндік береді. Ресей ДДҰ -ның қызамықты жоятын елдер тізіміне енгізілген [3,4].

Атап өткендей, ошақтардың пайда болуы мен дамуының көп факторларына сүйене отырып, гигиеналық, әлеуметтік, медициналық-ұйымдастырушылық сипаттағы қызылшаның таралу қаупінің бірқатар факторларының кешенді әсерін зерттеу, оларды жоюға ықпал ететін тұрақты саламаттылықтың болжамды критерийлерін анықтау, осы инфекцияларды бақылау мен бақылаудың кешенді жүйесін жетілдіру маңызды және өзекті болып табылады.

Зерттеу мақсаты – Алматы облысына жапсарлас аймақ тұрғындарының қызылшамен аурушылдығына әкелетін факторларды анықтап, өршуінің алдын алуға қатысты іс-шараларды оңтайландырубойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылатын қызылша вирусының эпидемиологиялық таралу ерекшеліктерін зерттеп және бақылау жүйесін әзірлеуге бағытталған магистрлік жоба, бүгінгі күні аса қажеттілік танытып отыр.

Зерттеу мәліметтері мен әдістерін біріктіретін зерттеу методологиясы тарихи-библиографиялық, ақпараттық-аналитикалық, социологиялық және статистикалық әдістерді біріктіреді.

Зерттеу нысаны ретінде Алматы облыстық Қонаев қаласының көпсалалы ауруханасының жұқпалы бөлімінің есеп мәліметтері, қызылша жұқпасымен ауырған науқастардың статистикалық мәліметтері.

Зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ, 2015-2018 жылдары Қазақстанның жиынтық халқының сырқаттануы туралы деректер 2015 жылы қызылшамен сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 13,3, 2016 жылы - 100 мың тұрғынға шаққанда 0,69 құрады; 2015 жылмен салыстырғанда сырқаттанушылықтың 19,5 есе төмендеуі анықталды.

Алматы облысында қызылшамен байланысты белгілі бір кезеңнің көрсеткіштеріне талдау жүргізу, 2023 жылдың 14 наурызы мен 2024 жылдың 15 наурызы аралығында бастапқы ақпарат бойынша қызылшаның 6 719 жағдайы тіркелгенін, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар – 5 091 (76%), зертханалық расталған 4 496 жағдай, диагноз 1 599 наукаста, 624 наукастан тексеруге алынғаны баяндалады. Иммундық мәртебесі бойынша: вакцинацияның толық курсымен егілген – 573 (13%), вакцинацияланбаған – 3 923 (87%), оның ішінде жасы бойынша вакцинациялауға жатпайды – 977 (25%), медициналық бөлу-1081 (28%), вакцинациядан бас тарту-1 093 (27%), мәртебесі белгісіз-772 (20%).

Қорытындылай келе, Қызылшамен аурушылық және асқыну жағдайларының тіркелуі, эпидемиологиялық таралу қарқыны жөніндегі өңделген мәліметтер, сонымен қатар қызылшаға қарсы вакцинацияның тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру мақсатындағы осы зерттеудің нәтижелері жергілікті сәйкес құзыретті ұйымдар үшін эпидемиологиялық таралуының алдын алуды ұйымдастырудың тәжірибелік жұмысы үшін маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Смердова, М.А. Разработка стандартных образцов для внутрилабораторного контроля, используемых при оценке специфических антител к кори и краснухе иммуноферментным методом / М.А. Смердова, Т.А. Мамаева, М.А. Наумова, А.П. Топтыгина //Российский иммунологический журнал. – 2016. – Т.10(19), №2(1). – С.396-397.

2. Топтыгина, А.П. Особенности иммунного ответа против кори и краснухи в условиях активной вакцинации населения / А.П. Топтыгина, М.А. Смердова // Инфекция и иммунитет. – 2017. – № 5. – С.303.

3. Горохова, А. А. Пути совершенствования эпиднадзора по итогам вспышки кори в Европе // Фундаментальная наука и клиническая медицина – человек и его здоровье : материалы XXII Международная медико-биологической конференции молодых исследователей. – Санкт-Петербург, 2019. – Т. 22. – С. 105–106.

4. Романенко, Т. А. Социально-экологические условия, влияющие на результаты вакцинопрофилактики кори и краснухи // Донецкие чтения 2020: образование, наука, инновации, культура и вызовы современности : материалы V Международной научной конференции. – Донецк : Изд-во ДонНУ, 2020. – Том 2. – С. 357–359.

ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНАНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ СТАТИСТИКА КАБИНЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Тажибеева П.Н.¹, Айтманбетова А.А.².

¹*«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті, Алматы, Қазақстан*

²*С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан*

Өзектілігі. Берілген магистрлік жобада халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдар деңгейіндегі статистикалық есеп ең жауапты болып табылатыны көрсетілген. Медициналық статистика қызметі статистика бөлімшелерімен (кабинеттерімен), автоматты басқару жүйесі бөлімдерімен және есептеу орталықтарымен, медициналық статистика бюросымен және медициналық ақпараттық

талдау орталықтарымен ұсынылады. Медициналық статистика кабинеттері мамандарының қызметінде жаңа функциялар пайда болды: жекелеген қызметтердің, бірқатар бағыттардың және тұтастай алғанда бүкіл емхананың жұмысын ақпараттандыру; Емдеу-профилактикалық мекемелер (ЕПМ) басшылығы үшін жаңа, стандартты емес талдамалық материалдарды дайындау. Осылайша, отандық денсаулық сақтау жүйесіндегі амбулаторлық-емханалық қызметті аймақтық реформалау негізінде модернизациялаудың қазіргі жағдайында қалалық емханалардың статистика кабинеттері мамандарының қызметі мен бағыттары жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді. Сонымен қатар, қазіргі жағдайда емханалардың медициналық статистика бөлімшелерінің/кабинеттерінің жұмысының маңыздылығы бойынша арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілген жоқ. Сондықтан, біздің зерттеуіміздің мақсаты мен міндеттерін таңдауда өзекті мәселе ретінде анықтауға себеп болды [1,2].

Зерттеу жұмысының мақсаты – қалалық емхананың медициналық статистика кабинеті мамандарының жұмысын зерделей отырып, жаңашыл нысан ретінде қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдарды негіздеу.

Жобаның практикалық құндылығы орта медициналық білімі бар медициналық статистиктер мен дәрігер-статистиктердің жұмыс жағдайларын зерттеуде; статистика кабинеттері қызметкерлерінің емхана басшылығының басқарушылық шешімдер қабылдауы үшін мәліметтер дайындауға бағытталған ақпараттық талдау бөлімі ретінде қызмет атқаруына мүмкіндік беретін ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Жұмыстың зерттеу әдістемесі әлеуметтік-гигиеналық, аналитикалық әдістерді, ұйымдастырушылық эксперимент әдісін қолдануға негізделген. Зерттелетін мәселе бойынша нормативтік-құқықтық база мен периодикалық басылымдарға, емхананың медициналық статистика қызметінің ресурстары туралы статистикалық деректерді талдау жүргізілді. Денсаулық жағдайын бағалау үшін емханаға бекітілген халық аурушылығының әлеуметтік салдарлары бойынша сырқаттанушылық туралы статистикалық деректерге талданып, көрсеткіштер динамикасының тенденциялары анықталып, медициналық мекеменің медициналық статистика кабинеті қызметкерлерінің жұмысының сипаты мен көлеміне зерттеу жүргізілді. Сонымен қатар, қалалық емхана базасында емхана қызметінің әртүрлі аспектілері туралы деректерге талдау жүргізілді: статистикалық деректер, учаскелік дәрігерлердің жұмысын, медико-санитарлық көмектің бастапқы буыны мамандарының медициналық көмек көрсету тәртібін орындауын талдау.

Амбулаторлық-емханалық мекеме кабинеттері мен статистика бөлімшелерінің мамандары халықтың аурушандығы және медициналық ұйымның қызметі туралы жиналатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету бойынша маңызды рөлге ие, өйткені сенімді және жүйелі түрде ұсынылатын статистикалық ақпарат халықтың денсаулығын нығайтуға, емдеу және профилактикалық жұмысты жетілдіруге бағытталған ағымдағы жоспарлар мен перспективалық бағдарламалар құрылатын іргетас болып табылады [3].

Ақпараттық компонентті аналитикалық мәліметтермен қанықтыру осы бөлімшелердің рөлін едәуір нығайтуға мүмкіндік береді. Статистикалық ақпарат көлемінің едәуір ұлғаюы статистика бөлімдерінің (кабинеттерінің) санының және емханалардағы статистика дәрігерлерінің штаттық лауазымдарының өсуіне әкеледі. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, жұмыспен қамтылған дәрігерлік лауазымдар саны мен штаттар саны арасында сәйкессіздік бар. Барлық статистикалық дәрігерлердің 26% -ы және медициналық статистиктердің 57% -ы жоғары немесе бірінші біліктілік санатына ие, бірақ статистикалық дәрігерлердің 74% -ы және орта медициналық білімі бар медициналық статистиктердің 43% -нда санат сертификаты жоқ. Статистика бөлімдерінің жұмыс тәжірибесіне ақпараттық технологиялар кеңінен енгізілуде. Олардағы электрондық-есептеу техникасы бірліктерінің саны 28% -ға өсті, бұл ретте ескірген компьютерлердің үлесі - 5 есеге төмендеді. Жоғары жылдамдықты байланыс арналарына қол жеткізу - 2,6 есеге артты. Алайда, статистика бөлімі қызметкерлерінің тек 40,0% -ы

компьютерлендіру олардың жұмысын жеңілдетті деп санайды, ал 30% -ы жұмыс күрделене түскенін айтады. Қалалық емханалардың медициналық статистика кабинеттері мамандары қызметінің негізгі бағыттарын бағалау диагноздарды кодтауға және дұрыс кодтауды тексеруге жұмыс уақытының орта есеппен 3/1 бөлігі жұмсалатынын көрсеткен.

Зерттеудің заманауи статистикалық әдістерін пайдалана отырып, тіркелген халықтың аурушандығын, мүгедектігін және өлімін терең талдау; емхананың емдеу-диагностикалық және профилактикалық қызметінің әртүрлі аспектілерін талдау мүмкіндігі дәлелденді және енгізілді. Бұл статистика бөлімдерін/кабинеттерін ақпараттық-талдау бөлімшелеріне қайта ұйымдастыру үшін кәсіби құзыреттілік бағыттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дәрігерлердің-статистиктер мен медициналық статистиктердің жұмыс мазмұнына, көлеміне және жағдайларына қанағаттану дәрежесі туралы пікірін зерттеу кезінде респонденттердің 90% астамы соңғы 5 жылда учаскелер көлемінің ұлғаюына және есепке алу және есеп беру нысандарының күрделенуіне байланысты жүктеме артқанын көрсетті. Респонденттердің 60% - статистика кабинеттерінің техникалық жарақтандырылуына, орындалатын жұмыс көлеміне - 63%, жұмыс мазмұнына - 63,6%, жалақысына -89% қанағаттанбаған және тек 8% - бөлімдегі әлеуметтік-психологиялық жағдайға қанағаттанбаған.

Дәрігер-статистиктердің жұмысын ұйымдастырудың ұсынылған жаңа нысандары: халықтың денсаулығы мен емхана қызметінің көрсеткіштерін терең талдау, медициналық ұйымның медициналық көмектің сапасын арттыру жөніндегі қызметін бақылау жөніндегі жұмыс, мамандардың амбулаторлық қабылдаудағы жұмыс мазмұнын талдау, медициналық көмек көрсету тәртібінің орындалуын тексеруге қатысу – медициналық статистика қызметінің құрылымдық өзгерістерін жүргізу кезінде олардың қызметінің басым бағыттарын айқындайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Медицинская статистика в практической деятельности врача / Учебно-методическое пособие. Ставрополь: Л.Л. Максименко, А.А. Хрипунова, В.Б.Зафинова, Е.В.Максименко, О.О.Кравченко. Ставрополь: Изд-во СтГМУ, 2020. – 164 с.

2. Амлаев К.Р. Общественное здоровье и здравоохранение: учебник / К.Р. Амлаев, Л.Н. Блинкова, Н.П. Гавриленко, Х.Т. Дахильгова и др. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2019. – 560 с.

3. Шапиро К.И. Ресурсное обеспечение статистической и организационно методической службы в Санкт-Петербурге / К.И. Шапиро, С.М. Сафонов, Н.И. Виш няков // Ученые Записки Санкт-Петербургского государственного медицинского университета им. акад. И.П. Павлова /Главный редактор С. Ф. Багненко. - 2014. -Т. XXI, №2. -С. 20-22.

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ МЕТОДОВ ЛУЧЕВОЙ ДИАГНОСТИКИ

Баубекова Д.Д.¹, Жакупова М.Н.², Әбілқасым Д.А.².

¹«КМУ ВШОЗ», г. Алматы, Республика Казахстан

²«КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова», г. Алматы, Республика Казахстан

Введение. Лучевая диагностика является одним из диагностических направлений в медицине, которая позволяет выявлять различные заболевания на самых ранних стадиях развития без хирургического вмешательства.

Методы лучевой диагностики малотравматичные, и построены на принципе четкой визуализации внутренних органов, что позволяет врачам подробно изучить структуру

органов (их контуры, патологические новообразования, признаки воспаления и инородные тела) и выявить верную причину болезни пациента в целях назначения дальнейшего индивидуального плана лечения [1].

Результаты исследования. Реализация технологии лучевой диагностики осуществляется в рамках рентгенологической службы, объединяющей рентгенологическую диагностику, рентгеновскую (РКТ) и магнитно-резонансную (МРТ) компьютерную томографию. В дальнейшем, возникает потребность в последовательной структуризации высокотехнологичных производств – высокотехнологичных видах лучевой диагностики. Для этого необходимо провести реальную оценку деятельности лучевой диагностики. Объективная оценка ситуации осложняется тем, что специальные документы регистрации и отчетности ограничены общими данными о составе специалистов, количестве устройств и выполненных исследованиях [2,3].

Лучевая диагностика превратилась в крупную область медицины. Профессионалы, работающие в этой области, сегодня имеют в своих руках целый спектр современных методов диагностики и лечения. Эти изменения стали возможными благодаря внедрению в медицину последних достижений научно-технического прогресса, взаимодействию фундаментальных и клинических дисциплин. Для лучевой диагностики очень велика роль технических инноваций, которые позволяют по новому взглянуть на многие проблемы диагностики и лечения [4].

В Европе придается большое значение эффективному управлению медицинскими ресурсами. Для оптимизации работы служб лучевой диагностики используются методы и инструменты управления качеством, такие как Six Sigma, Lean Management и Kaizen. Они позволяют устранять избыточные затраты, оптимизировать процессы и повышать эффективность службы лучевой диагностики [5].

Одним из наиболее популярных методов является создание централизованных служб лучевой диагностики. В таких центрах используются современные методы диагностики и обработки данных, а также специалисты с высокой квалификацией. Они могут обрабатывать большое количество исследований и обеспечивать быстрый доступ к результатам диагностики.

Можно отметить следующие тенденции в развитии методов лучевой диагностики:

Во - первых произошли огромные изменения в технологии получения изображений.

Во - вторых все методы лучевой диагностики стали цифровыми.

В - третьих развиваются системы для организации, распределения и хранения (архивирования) цифровых изображений.

В - четвертых возросла скорость получения диагностической информации и ее объем.

В - пятых, современные методы лучевой диагностики стали широко использоваться для раннего выявления заболеваний на доклиническом этапе.

С внедрением КТ, МСКТ и МРТ значительно расширились возможности лучевой диагностики заболеваний костно-суставной системы. С учетом разработок традиционной рентгенологии созданы новые технологии углубленной дифференциальной диагностики доброкачественных и злокачественных изменений костей, впервые исследованы не только костные структуры, но и мышечно-связочный аппарат, хрящевая ткань [6].

В последние годы разработана новая гибридная медицинская диагностическая система, радионуклидной диагностики, сочетающая в себе позитронный эмиссионный томограф (ПЭТ) и магнитно резонансный томограф (МРТ) – ПЭТ/МРТ, который широко используется в онкологии во всем мире. Позитронно-эмиссионная томография (ПЭТ) способна оценивать интенсивность обмена веществ в клетках организма, что позволяет обнаруживать злокачественные опухоли на ранних стадиях их развития [7].

Раковые клетки активнее делятся и быстрее растут, а значит, поглощают больше глюкозы и других биологически активных веществ. Именно с учетом интенсивности этого накопления и построены изображения ПЭТ. Именно способность ПЭТ "видеть" очаги

изменения обмена веществ позволяет четко различать злокачественные и доброкачественные опухоли, что не могут другие методы визуализации – рентген, УЗИ, КТ и МРТ. Позитронно-эмиссионная томография (ПЭТ) способна оценивать интенсивность обмена веществ в клетках организма, что позволяет обнаруживать злокачественные опухоли на ранних стадиях их развития [8].

Раковые клетки активнее делятся и быстрее растут, а значит, поглощают больше глюкозы и других биологически активных веществ. Именно с учетом интенсивности этого накопления и построены изображения ПЭТ. Именно способность ПЭТ "видеть" очаги изменения обмена веществ позволяет четко различать злокачественные и доброкачественные опухоли, что не могут другие методы визуализации – рентген, УЗИ, КТ и МРТ. Существенный прогресс в диагностике многих заболеваний и планировании лечения связан с внедрением в медицинскую практику методов визуализации, позволяющих получать изображения внутренней структуры и функционирования организмов без хирургического вмешательства. В числе широко используемых методов - рентгенография, компьютерная рентгеновская томография, ультразвуковая диагностика, позитронная эмиссионная томография, гамма-томография, а также получение изображений с помощью магнитного резонанса [9,10].

Әлеуметтік желілердің оқушылар арасындағы цифрлық қорқытудың көрінісіне әсерін бағаламауға болмайды. Бұл платформалар қарым-қатынасты қорлау мен қорлау алаңына айналдыру арқылы агрессивті мінез-құлықтың жаңа құралдары мен тәсілдерін ұсынады. Цифрлық қорқытуға тап болған мектеп оқушылары эмоционалды күйзеліске ғана емес, сонымен қатар психологиялық проблемалардың, әлеуметтік оқшауландудың, тіпті өзіне-өзі зиян келтірудің немесе суицидтің даму қаупіне ұшырайды [2].

Негізгі бөлім. Сандық буллинг немесе онлайн буллинг – бұл интернет технологиялары арқылы көрінетін агрессия мен зорлық-зомбылықтың бір түрі. Қорқытудың бұл түрі әлеуметтік медианың, мобильді қосымшалардың және басқа да онлайн-платформалардың дамуымен кең таралды. Цифрлық әлемде мектеп оқушылары қауіп-қатерге, қорлауға, жеке ақпаратты жария етуге, қорлауға және психологиялық немесе эмоционалдық зорлық-зомбылықтың басқа түрлеріне тап болуы мүмкін [3].

Сандық буллингтің негізгі мәселесі – оның тұрақтылығы мен ауқымдылығы.

Интернетте орналастырылған хабарламалар мен суреттер тез таралуы мүмкін және оны ұзақ уақыт бойы көруге болады, бұл құрбандар үшін жағымсыз салдарды күшейтеді. Сандық қбуллинг зардап шеккендердің психологиялық жағдайына айтарлықтай әсер етуі мүмкін, депрессияны, мазасыздықты, әлеуметтік оқшаулануды тудыруы мүмкін, тіпті өзін-өзі зақымдауы немесе суицидке әкелуі мүмкін [4].

Зерттеулерге сәйкес, цифрлық буллингтің таралуы бойынша, әлемдегі жасөспірімдердің 59% - дан астамы цифрлық қорқытуға тап болды, ал 33% - ы зорлық-зомбылықтың осы түрінің құрбаны болғанын мойындады. Шет елдердің статистикасы ойынша, сандық буллингке ұшырағандардың көрсеткіші келесідей:

1. АҚШ: американдық жасөспірімдердің шамамен 30% - ы цифрлық қорқытуға тап болды және бұл көрсеткіш соңғы бірнеше жылда тұрақты болып қалды.

2. Ұлыбритания: Ұлыбританияда балалар мен жасөспірімдердің 50% - дан астамы цифрлық қорқыту жағдайлары туралы хабарлады, оның себебі негізінен әлеуметтік медианы пайдалану болып табылады.

3. Австралия: австралиялық балалардың шамамен 35% - цифрлық буллингпен тәжірибесі болды және бұл желіге қол жетімді мобильді құрылғылардың таралуына байланысты өсуде.

4. Жапония: Жапонияда мектеп оқушыларының шамамен 25% - ы цифрлық қорқытуға тап болады және бұл білім беру ортасында үлкен проблемаға айналған [5].

Ал Қазақстандық зерттеулер бойынша, статистика келесі көрсеткіштерді көрсеткен. Қазақстанда таралуы бойынша: ұлттық зерттеулердің деректері бойынша Қазақстандағы жасөспірімдердің 40% - дан астамы цифрлық буллингке ұшырады, бұл ретте бұл пайыз біртіндеп өсуде. Қорлау, қорқыту және жеке ақпаратты жария ету - Қазақстанда оқушылар арасында кездесетін цифрлық зорлық-зомбылықтың негізгі нысандары. Қазақстанда цифрлық буллинг құрбандарының 50% - ға жуығы психологиялық проблемаларды, соның ішінде депрессияны, мазасыздықты және өзін-өзі бағалаудың төмендеуін бастан кешіреді [6].

Жасөспірімдердің 90%-ға жуығы әлеуметтік медианы белсенді пайдаланады. Әлеуметтік желі – әлеуметтік мәселелерді құруға, көрсетуге және ұйымдастыруға арналған ғаламдық компьютерлік желідегі платформа, онлайн-сервис, веб-сайт. Әлеуметтік медианы тиімді пайдалану негізінде, ол қоғамға оң әсер ете алады. Әлеуметтік желі арқылы, көптен бері жоғалған адамдармен қайта қосылуға, қажетті суреттер мен бейнелерді қарауға және бөлісуге болады. Немесе кез-келген елден жаңа адаммен таныуға болады. Әлеуметтік желі оны қол жетімді етеді [7].

Профессор Поль Кишнер бастаған ғалымдар тобы студенттердің үлгеріміне әлеуметтік желілер әсерін анықтауға бағытталған зерттеу жүргізді. Экспериментте барлығы 12-18 жас аралығындағы 291 оқушы қатысты. Қорытындысы өте болжамды шықты. Эксперименттің барысы бойынша, емтиханға дайындық кезінде оқушылар интернет байланысынан толығымен бас тартылды, ал нәтиже қалғандарына қарағанда 20% жақсы шықты. Егер әлеуметтік желіні үнемі қолданушылардың орташа бағасы төрт балдық шкаласы бойынша 3,06 құраса, емтихан қарсаңында интернеттен алшақтаған оқушылардың орташа баға нәтижесі 3,82 көрсеткен екен [8].

Сандық буллинг жағдайларының шамамен 17% - ы ересектерге немесе оқу орындарына хабарланады, бұл құбылысты анықтау және оған жауап беру жүйелерін жақсарту қажеттілігін көрсетеді. Цифрлық буллингке қарсы күрес білім беру мекемелерінің, ата-аналардың, құқық қорғау органдарының және интернет-провайдерлердің кешенді көзқарасы мен ынтымақтастығын талап етеді. Алдын алу шаралары, балаларды онлайн ортада қауіпсіз мінез-құлыққа үйрету, құрбандарды психологиялық қолдау және цифрлық зорлық-зомбылыққа деген көзқарасты өзгерту бойынша жұмыс осы құбылыспен сәтті күресудің негізгі элементтері болып табылады [9]. Бұл зерттеу әртүрлі елдердің бірнеше мектептерінде цифрлық қорқытудың алдын алуға

бағытталған бірнеше білім беру бағдарламаларына талдау жасады. Бағдарламаларда әлеуметтік бейімделу дағдыларын үйрету, эмпатия мен ынтымақтастықты ынталандыру және құрбандарға психологиялық қолдау көрсету және онлайн ортада қауіпсіз мінез-құлықты үйрету кіреді. Зорлық-зомбылық туралы хабардарлықты арттыру және алдын алу үшін мектептің оқу жоспарларына цифрлық қорқытудың алдын алу бағдарламаларын енгізу маңызды. Жәбірленушілерді қолдау: цифрлық қорқыту құрбандарына психологиялық қолдау көрсету және оларға жағымсыз салдармен күресуге көмектесу қажет. Ата-аналармен және қоғамдастықпен ынтымақтастық: ата-аналарды, мұғалімдерді, құқық қорғау органдарын және интернет-компанияларды тарту цифрлық буллингпен тиімді күресудің кілті болып табылады [10].

Цифрлық қорқыту балалар мен жасөспірімдер үшін қауіпсіз онлайн ортаны қамтамасыз ету үшін қоғамның барлық қатысушыларының пәнаралық көзқарасы мен бірлескен күш-жігерін талап ететін маңызды мәселе болып қала береді.

Қорытынды:

1. Оқушылар арасында Цифрлық қорқыту мәселесіне қоғамның, білім беру мекемелерінің, ата-аналардың және құқық қорғау органдарының назарын аудару бұл құбылыстың жағымсыз салдарын болдырмау үшін өте маңызды.

2. Әлеуметтік медиа жасөспірімдер арасында Цифрлық қорқыту ортасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, сондықтан балалар мен ата-аналарды онлайн ортада қауіпсіз мінез-құлыққа үйрету бағдарламалары мен бастамаларын белсенді түрде дамыту қажет.

3. Мектептер, отбасылар, Психология және әлеуметтік жұмыс мамандары, сондай-ақ интернет-провайдерлер арасындағы ынтымақтастық цифрлық буллингке қарсы тұруда және онлайн кеңістікте балалар мен жасөспірімдер үшін қауіпсіз ортаны құруда шешуші рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Bovill H. (2022). Too much information: exploring technology-mediated abuse in higher education online learning and teaching spaces resulting from COVID-19 and emergency remote education. *Higher education*, 1–17. Advance online publication. <https://doi.org/10.1007/s10734-022-00947-0>

2. Sorrentino, A., Sulla, F., Santamato, M., di Furia, M., Toto, G. A., & Monacis, L. (2023). Has the COVID-19 Pandemic Affected Cyberbullying and Cybervictimization Prevalence among Children and Adolescents? A Systematic Review. *International journal of environmental research and public health*, 20(10), 5825. <https://doi.org/10.3390/ijerph20105825>

3. Morales-Arjona, I., Pastor-Moreno, G., Ruiz-Pérez, I., Sordo, L., & Henares-Montiel, J. (2022). Characterization of Cyberbullying Victimization and Perpetration Before and During the COVID-19 Pandemic in Spain. *Cyberpsychology, behavior and social networking*, 25(11), 733–743. <https://doi.org/10.1089/cyber.2022.0041>

4. Zhang, Y., & Chen, J. K. (2023). Emotional Intelligence and School Bullying Victimization in Children and Youth Students: A Meta-Analysis. *International journal of environmental research and public health*, 20(6), 4746. <https://doi.org/10.3390/ijerph20064746>

5. Liu, Y., Yu, X., An, F., & Wang, Y. (2023). School bullying and self-efficacy in adolescence: A meta-analysis. *Journal of adolescence*, 95(8), 1541–1552. <https://doi.org/10.1002/jad.12245>.

6. Fraguas, D., Díaz-Caneja, C. M., Ayora, M., Durán-Cutilla, M., Abregú-Crespo, R., Ezquiaga-Bravo, I., Martín-Babarro, J., & Arango, C. (2021). Assessment of School Anti-Bullying Interventions: A Meta-analysis of Randomized Clinical Trials. *JAMA pediatrics*, 175(1), 44–55. <https://doi.org/10.1001/jamapediatrics.2020.3541>

7. Russo LX. Associação entre vitimização por bullying e índice de massa corporal em escolares [Association of victimization from bullying with body mass index in schoolchildren]. *Cad Saude Publica*. 2020 Oct 19;36(10):e00182819. Portuguese. doi: 10.1590/0102-311X00182819. PMID: 33084832.

8. Алла Иванилова // В Казахстане законодательно закрепят понятие «буллинг» // 10.03.2021 // <https://mk-kz.kz/social/2021/03/10/v-kazakhstane-zakonodatelno-zakrepyat-ponyatie-bulling.html>

9. Mishna, F., Khoury-Kassabri, M., Gadalla, T., & Daciuk, J. (2012). Risk factors for involvement in cyber bullying: Victims, bullies, and bully-victims. Children and youth services review, 34(1), 63-70.

ПЕРИНАТАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚТА АКУШЕРЛІК-ГИНЕКОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Халдарбекова Э.Н.¹, Айтманбетова А.А.², Шахиева А.М.².

¹«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

²С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Кейінгі жылдары патологияның әртүрлі нұсқалары бар жүкті әйелдерге медициналық көмек көрсетуде ұйымдастырушылық технологиялар дами бастады. Медициналық көмекті жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды іске асыру үшін «Дені сау ұлт» ұлттық жобасының негізгі міндеттерінің бірі – «әйелдердің денсаулығын сақтау және балалардың денсаулығын нығайту» болып отыр. Аталған жоба бойынша, 2030 жылға қарай ана өлімі көрсеткішінің 100 000 тірі туылғанға шаққанда 13,0-ге дейін төмендеуіне және нәресте өлімі көрсеткішінің 1000 тірі туылғанға шаққанда 6,9-ға дейін төмендеуіне қол жеткізу стратегиялық көрсеткіш.

Ана мен баланы қорғау мәселесін шешудің негізгі бағыттарына жүкті әйелдің, ұрықтың және жаңа туған нәрестенің денсаулығына экономикалық, әлеуметтік, биологиялық және медициналық факторлардың әсер етуінің түпкі нәтижесі ретінде қарастырылатын ана мен репродуктивті денсаулық шығындарын азайту. Сонымен қатар, демографиялық жағдайды жақсартудың кілті де ана денсаулығына аса көңіл бөлу, репродуктивті көмектің қолжетімділігін кеңейтуге тәуелді.

Медициналық көмектің көлемі мен көліктік қолжетімділігін ескере отырып, перинаталдық орталықтарды аумақтық бөлудің халықаралық тәжірибесі бірқатар зерттеушілердің жұмысында талданған [1-3].

Перинаталдық орталықтардың босану қызметіндегі рөлі «бақылаудың барлық нысандары әйелдерде немесе балада туындайтын жағдайларды есепке алуға негізделген». Бүгінгі күнге дейін әрбір қолайсыз медициналық-ұйымдастырушылық әсерлердің аз қамтылғандығын ескерген жөн. Медициналық көмектің сапасын жақсарту ресурстарының бірі басқару процесін ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі уақытта перинаталдық көмекті аймақтандыру оның тиімділігін басқаруды жүйелі қамтамасыз етуді жетілдіруді қажет етеді.

Перинаталдық көмекті өңірлендірудің тиімді тетіктерінің бірі «компьютерлік негізде мониторинг принципі бойынша шешілетін жүкті әйелдердің денсаулығы мен олардың медициналық қамтамасыз етілу сапасын бақылау жүйелерін әзірлеу және енгізу» болып табылады [4]. Перинаталдық тәуекелдерді ескере отырып, жүкті әйелдерге, босанатын әйелдерге, босанған әйелдерге, жаңа туған нәрестелерге медициналық көмекті өңірлендіруді басқаруды жақсартудың кейбір тетіктері ретінде аумақаралық қашықтықтан акушерлік консультативтік орталықтың ұйымдастырушылық-функционалдық моделінің ақпараттық және ұйымдастырушылық негіздерін құру маңызды.

Ана мен баланы қорғау қызметін басқару орталықсыздандырылуымен және аймақтық құрылымдардың рөлінің артуымен сипатталады. Әйелдер мен балалардың

денсаулығын нығайту «қауіпсіз аналық» мемлекеттік және аймақтық мақсатты бағдарламалардың басты приоритеті болуы міндет. Айта кету керек, бұл бағдарламалар бойынша қаржыландыру негізінен республикалық бюджет қаражаты, сонымен қатар, аймақтардың бюджет қаражаты, МӘМС қорлары есебінен жүзеге асырылды.

Айтылған тақырып өзектілігіне сәйкес, зерттеу жұмысының мақсаты – перинаталдық орталықтағы акушерлік-гинекологиялық патологиялар құрылымы мен көрсетілетін көмектің ұйымдастырылуын бағалау болып табылды.

Жұмыс барысында Тараз қалалық перинаталдық орталығындағы акушерлік-гинекологиялық патологиялар құрылымы мен себептерін зерттеу жүргізіліп, орталықтағы гинекологиялық көмектің ұйымдастырылуына бағалау жасалып, перинаталдық орталықтағы көмек көрсетуді оңтайландыру бойынша тәжірибелік ұсыныстар әзірлену жоспарланған.

Перинаталдық орталықтағы акушерлік-гинекологиялық патологиялар құрылымы мен себептері жөніндегі мәліметтер анықталып, гинекологиялық көмектің қазіргі жағдайдағы ұйымдастырылуына баға беріліп, көрсетілетін көмектің тиімділігін арттыруға бағытталған тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу көзделген.

2023-2022 жылдар аралығындағы Тараз қалалық перинаталдық орталықтағы ана мен бала бірге болу бөлімі бойынша жылдық есеп мәліметтеріне сәйкес, босанғаннан кейінгі кезеңдегі антибиотикотерапия 2022ж. жалпы босанған 8830 әйелдің 452 -сі алған. Оның ішінде 370 – 1 комбинация, 82 – 2 комбинация антибиотикотерапия қабылдаған. Осы көрсеткіштердің деңгейі 2023ж., сәйкесінше, 8300 босанған әйелден 323 -іне антибиотик қабылдауға көрсету болуымен, оның ішінде 248 – 1 комбинация, 82 – 2 комбинация антибиотикпен ем алғандығымен сипатталады.

Босанғаннан кейінгі бөлімде қан кету 2022 ж. – 5 жағдайдан 2023ж. – 3 жағдайға төмендеген. Жатыр мойнының бактериологиялық жағындыны зерттеулер саны 2022ж. – 107, 2023ж. – 86 құраған. Оның ішінде ашытқы тәрізді саңырауқұлақтар, салыстырмалы жылдарда мағынасы жақын көрсеткіштерге ие болса (2022ж. -69, 2023ж. -64), ал *E.coli* расталғандығы 2022ж. -38 жағдайдан 2023ж. -22 жағдай санына қысқарған.

Репродуктивті жастағы әйелдердің, жүкті әйелдердің, босанатын әйелдердің, босанған әйелдердің және жаңа туған нәрестелердің денсаулығында бірқатар жағымсыз тенденцияларға: экстрагенитальды патологияның (ең алдымен қан айналу жүйесінің, несеп-жыныс жүйесінің және қалқанша безінің аурулары), сондай-ақ гинекологиялық аурулардың жиілігі, олардың құрылымында жыныстық жұқпалардың таралуының қолайсыз тенденциялары аясында қабыну сипатындағы аурулардың маңыздылығы артады; жүкті әйелдерде, босанған әйелдерде сырқаттанушылықтың теріс динамикасы жатады. Сонымен қатар репродуктивті жастағы 10 мың әйелге акушерлік төсектермен (15,4 қарсы 20,4), жүкті және босанатын әйелдерге арналған төсектермен (8,2 қарсы 10,5), жүктілік патологиясымен (7,2 қарсы 9,9) қамтамасыз етілуінің төмен деңгейі анықталған.

80% -дан аса сауалнамаға қатысқан әйелдердің медициналық белсенділігі салыстырмалы түрде жоғары болды, ал 35% әйелдер кеңесіне жиі барады. Әйелдер консультациясына барудан бас тартудың негізгі себебі – уақыттың болмауы болды (55%). Жалпы, пациенттер әйелдер консультациясында (55%) және перзентханада (50%) көрсетілетін медициналық көмекке қанағаттанды. Сонымен қатар, олар әйелдер кеңесінде дәрігерді таңдауға мүмкіндік алады, ал осы мекемеде көрсетілген көмек олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Позитивті жауаптар арасында білікті көмек алу, қажет болған жағдайда дәрігермен байланысу мүмкіндігі де аталды.

Айтылғандарға орай, бөлімде жауапкершілікке сай көмек көрсетудегі анықталған кемшіліктер мен талапқа сай қызмет атқаруға ұсыныстар ретінде бөлімдегі палата санын, ондағы табиғи жарық түсу ауданының жеткіліксіздігі; компьютерлердің ескіруі және санының жеткіліксіздігі; ауа алмасуындағы ретсіздікке әкелетін ауа тазартқыштарының істен шығуы; тіркеуде болмаған тосыннан жүгінетін әйелдер санын азайту; дәрігерлерді әлеуметтік-материалдық қолдауды арттыру табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шувалова, М.П. Результативность третьего уровня системы регионализации перинатальной помощи в Российской Федерации / М.П. Шувалова, Т.В. Письменская, Т.К. Гребенник // Социальные аспекты здоровья населения. - 2017.
2. Харбедия, Ш.Д. Оценка социальной эффективности деятельности перинатального центра в условиях мегаполиса / Ш.Д. Харбедия, А.В. Алексеева, И.Н. Родин и др. // В сб.: Проблемы городского здравоохранения. - Санкт-Петербург, 2017. - С. 184-187
3. Холодова, В.Е. Исследование итоговых показателей деятельности Краснодарского краевого перинатального центра в составе ГБУЗ детской краевой клинической больницы / В.Е. Холодова // В сб.: Неделя науки - 2017 материалы всероссийского молодежного форума с международным участием. - 2017. - С. 610-
4. Васильева, Т.П. Механизмы регионализации перинатальной помощи в субъекте Российской Федерации / Т.П. Васильева, О.Н. Песикин, А.И. Малышки-на и др. // Российская академия медицинских наук. Бюллетень Национального научно-исследовательского института общественного здоровья. - 2014. - № 1. -С. 64-67.
5. Hernández-Valencia, M. Perinatal complications and serotonin level (5-HT) associated with low birth weight / M. Hernández-Valencia, M. Ruiz-Albarrán, A. Vargas-Girón et al. // Ginecol Obstet Mex. - 2015. - № 83(7). -P. 408-413.
6. Hod, M. The International Federation of Gynecology and Obstetrics (FIGO) Initiative on gestational diabetes mellitus: A pragmatic guide for diagnosis, management, and care / M. Hod, A. Kapur, D.A. Sacks et al. // Int J Gynaecol Obstet. - 2015. -№ 131 Suppl 3. - P.173.

ИЗУЧЕНИЕ ИНФОРМИРОВАННОСТИ О ФАКТОРАХ РИСКА ОНКОЗАБОЛЕВАНИЙ ЖЕНСКИХ ПОЛОВЫХ ОРГАНОВ И ОТНОШЕНИЕ К ЗДОРОВЬЮ ЖЕНЩИН С ГИПЕРПЛАЗИЕЙ ЭНДОМЕТРИЯ

*Имашева Б.И.¹, Камалиев М.А.¹, Локшин В.Н.², Киселева М.В.³, Туреханова А.Д.⁴,
Сапаралиева А.М.⁴.*

*¹Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ», г. Алматы, Республика
Казахстан*

²МКЦР «Persona», г. Алматы, Республика Казахстан

*³Медицинский радиологический научный центр им. А.Ф. Цыба – филиал ФГБУ
«НМИЦ радиологии» Минздрава России, Калужская обл., г. Обнинск, Российская
Федерация*

*⁴Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Республика
Казахстан*

Резюме. Проведена оценка информированности 300 женщин с гиперплазией эндометрия о факторах риска онкозаболеваний женских половых органов и собственного отношения к здоровью. Социологический опрос проведен с помощью специально разработанной анкеты в г. Алматы за период 2022-2023 гг.

Ключевые слова: информированность, гиперплазия эндометрия, рак эндометрия, анкетный опрос, профилактика.

Введение. Гиперплазия эндометрия (ГЭ) — патология матки, представляющая собой патологическое разрастание эндометриальных желез. Клиническое значение ГЭ заключается в ассоциированном риске прогрессирования рака эндометрия [1]. По оценкам заболеваемости и смертности от рака GLOBOCAN, подготовленных Международным агентством по изучению рака, рак эндометрия занимает 6 место среди всех раков женских

органов [2]. В Российской Федерации заболеваемость раком эндометрия в течение последних 10 лет увеличилась с 119,9 до 175,5 случаев на 100 тыс. женского населения [3]. В Республике Казахстан в 2022 г. заболеваемость раком эндометрия занимала 3 место (8%) среди всех онкологических заболеваний женских репродуктивных органов [4].

Основой большинства профилактических программ, направленных на предупреждение заболеваний и уменьшении риска их возникновения, является оценка и повышение уровня медицинской грамотности населения, т.е. способности правильно понимать и интерпретировать связанные со здоровьем данные.

Цель: оценить информированность женщин с гиперплазией эндометрия о факторах риска онкозаболеваний женских половых органов и отношении к здоровью.

Материалы и методы исследования. Проведен социологический опрос 300 женщин с гиперплазией эндометрия г. Алматы за период 2022-2023 гг. Специально разработанная анкета включала 25 вопроса закрытого и открытого типов. Опрос осуществлен посредством анкет на бумажном и электронном (Google-форма) носителях. Формирование базы данных и статистическая обработка результатов проводилось с помощью Microsoft Excel 2016 и статистического пакета программы SPSS Statistics 26. Исследование одобрено Этическим комитетом Казахского медицинского университета «ВШОЗ» (протокол № IRB-335 от 05.01.2023 г.).

Результаты. Медиана возраста респондентов составила 55 лет (IQR 50-61 лет). Неполное среднее образование имели 1,7%, полное среднее – 39,7%, среднее специальное – 13,3%, высшее – 38%, незаконченное высшее – 7,3%. По социальному статусу респонденты распределились следующим образом: рабочие – 25,7%, служащее – 30%, индивидуальные предприниматели – 11%, безработные – 13,7%, пенсионеры – 14%, работающие пенсионеры – 2,6%, домохозяйки – 3%. Респонденты по-разному оценили состояние своего здоровья: большинство (47,3%) оценили его как удовлетворительное, 30,3% – как хорошее, 15% – как неудовлетворительное и 7,4% опрошенных затруднились ответить. Большая часть (81,4%) опрошенных не знали о том, что ГЭ является предшественником рака эндометрия, тогда как знали об этом лишь 18,6%. При ответе на вопрос: «Укажите, какие факторы риска относятся к онкозаболеваниям женских половых органов?» был выявлен низкий уровень информированности: лишь 18,5% смогли отметить более 8 факторов риска из 11 представленных, 21% смогли назвать более 5 факторов риска, а более половины опрошенных (60,7%) знали менее 4 факторов риска. Информированность респондентов о симптомах онкологических заболеваний женских половых органов также была низкой: 48,3% женщин смогли назвать менее 4 симптомов из представленных 11; 26,3% – 5-7 симптомов, 19,7% – 8-11 симптомов и 5,7% затруднились ответить. Уровень информированности женщин с ГЭ о современных методах диагностики онкозаболеваний женских половых органов составил 71,4%, а уровень незнания ни одного метода диагностики – 28,6%. При оценке отношения к своему здоровью 72,3% респондентов знали уровень своего артериального давления, а 27,7% – не знали. Уровень глюкозы в крови знали 45% женщин, а 55% не знали. Все участники исследования принимали лекарственные препараты, рекомендуемые при лечении ГЭ. При этом, не знали дозы препаратов 59,3% пациента, а 51% опрошенных не знали, что лекарства следует принимать длительное время. Профилактический осмотр в кабинета врача акушера-гинеколога 41,7% респондента проходили более 3-х лет назад, 26,7% – 2-3 года назад, 18,3% – не проходили и 13,3% – год назад.

Выводы. Полученные результаты проведенного социологического опроса показали низкий уровень информированности пациентов с гиперплазией эндометрия о факторах риска, симптомах, методах диагностики и лечения злокачественных новообразований женских половых органов, а также низкого уровня приверженности к своему здоровью и лечению.

Необходимо усилить работу с пациентами в направлении повышения осведомленности о факторах риска, способствующих перерождению гиперплазии

эндометрия в рак эндометрия, симптомах женских онкологических заболеваний, соблюдения сроков медицинских профилактических осмотров, выполнения врачебных назначений.

Список использованной литературы:

1. Hwang W. Y., Suh D. H., Kim K., No J. H., Kim Y. B. Aspiration biopsy versus dilatation and curettage for endometrial hyperplasia prior to hysterectomy // *Diagn Pathol.* – 2021. - 16(1). - P. 7. <https://doi.org/10.1186/s13000-020-01065-0>

2. Sung H., Ferlay J., Siegel R. L., Laversanne M., Soerjomataram I., Jemal A. Global cancer statistics 2020: GLOBOCAN estimates of incidence and mortality worldwide for 36 cancers in 185 countries // *Ca. Cancer J. Clin.* – 2021. - Vol. 71. – P. 209–249. <https://doi.org/10.3322/caac.21660>

3. Гусейнова Р. Г., Ординяц И. М., Ямурзина А. А., Саргсян Н. Л., Исмаилзаде С. Я. Злокачественная трансформация гиперплазированного эндометрия: эпидемиология и прогнозирование // *Акушерство и гинекология.* – 2000. – 8(29). С. 100 – 105. DOI: <https://doi.org/10.24411/2303-9698-2020-13916>

4. Кайдарова Д. Р., Шатковская О. В., Онгарбаев Б. Т., Сейсенбаева Г. Т., Ажмагамбетова А.Е., Жылқайдарова А. Ж., Лаврентьева И. К., Саги М. С. Показатели онкологической службы Республики Казахстан за 2022 год: статистические и аналитические материалы. – Алматы, 2023. – 214 с. <https://onco.kz/news/pokazateli-onkologicheskoy-sluzhby-respubliki-kazahstan-za-2023-god/>

ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЕМХАНАДА ТРАВМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ

Камалов Б.Б.¹, Жакупова М.Н², Әбілқасым Д.А.², Жақып Н.А.²

*¹Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ», г. Алматы, Республика
Казахстан*

*²С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,
Алматы, Қазақстан*

Тақырыптың өзектілігі. Травматологиялық тәжірибенің дамуы соңғы жылдары емдеу – диагностикалық үрдістің жаңа технологиясын ендірумен, сәйкес ресурстық қамтамасыз етумен, білікті маманның болуымен және еңбекті тиімді ұйымдастырумен ерекшеленеді. Бірақта, травматологиялық көмекті қажет ететін аурушылдық және әлеуметтік маңызды аурулардың таралуы жоғары деңгейде қалып отыр.

Негізгі мәселелерді тексеруді жалғастыру және травматологиялық қызметтің даму бағдарламасын іске асыру, қоғамда әлеуметтік – саяси және әлеуметтік – экономикалық біліктілікті жетілдіру медициналық көмектің сапалылығы мен қолжетімділігінің, білікті медициналық көмектің теңдестірілген ұйымдастырушылық – функционалдық құрылым қалыптастырудың маңызды элементін құрайды.

Сонымен қатар, травматологиялық медициналық көмекті басқару жолдарын кең көлемде одан әрі зерттеу де өзекті болып табылады.

Жоғарыда аталған жағдайлардың барлығы дерлік бізбен көтеріліп отырған мәселенің өзектілігін білдіреді және пәннің нақты зеттеулерін анықтау негізі және оны таңдаудағы басты бағыт болып табылады.

Зерттеу мақсаты болып емханада көрсетілетін травматологиялық көмектің тиімділігін арттыру мақсатында оның қазіргі жағдайын зерттеу

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу травматологиялық науқастарға дербес сауалнама жүргізу әдісіне сәйкес жүргізілді.

Барлығы 110 науқас сұралды. Сауалнамаға 63,3% - ер және 36,7% - әйел қатысты.

Науқастарды жас ерекшелігі бойынша бөліп қарастырғанымызда травматологиялық профилдегі науқастардың құрылымында 20-30 жастағылар (40%), 31-40 (30%) және 41-50 (19%) және 51 ден 60-қа дейінгі емделушілер 11 пайызды құраған. Травматологиялық бөлімде жастардың басымдығын белгілеуге мүмкіндік берді.

Сұхбаткерлердің 86,7%-ы ауруы жайында медициналық ұйымдарға өздері, шұғыл жағдайда түскен, 8,3%-ы – қаралу, медициналық тексерілу жөнінде, және 5,0% - басқа себептермен (анықтамалар және т.б.) жүгінген.

«Берілген мекеменің қабылдауына/еміне түсу үшін қандай да бір ұйымдық жоспардың қиындықтарын бастан кештіңіз бе? деген сауалға сұхбаткерлердің тек 11,7%-ы теріс жауап берді. 31,7% - қиындықты бастан кешті, бірақ шешімін тапты деген ойда екендіктерін айтса, басым көпшілігі яғни 56,7% ешқандай қиындықтың болмағанын және де бәрі шұғыл жағдайда жатқызылғандарын нақтылады.

Дәрігердің жұмысының сапасын «өте жақсы» деп сұхбаткерлердің 45% және 41,7% «жақсы» деп бағалады. Яғни, біріктіре алғанда, 86,7% дәрігер жұмысының сапасын оңды деп бағалады. Тек 13,3% қанағаттанарлық деп жауап берді.

Осы арада мейірбике жұмысының сапасын «өте жақсы» деп көрсеткендер – 45,0%-ды, ал «жақсы» деп бағалағандар – 43,3%-ды құрады, сұхбаткерлердің 11,7 орташа деңгейді құрады

Сұхбаткерлердің травматологиялық бөлімше жұмысына баға беруінде келесі мәліметтерге қол жеткіздік. Жақсы деп бағалағандар – 78,3%-ды, қанағаттанарлық деп бағалағандар – 20,0%, қанағаттанарлықсыз деп баға бергендер - 1,7% ды құрады. Бұл көрсеткіш травматология бөлімінің жақсы мамандармен қамтылғандығын, бөлім жұмысының жоғары деңгейін көрсетеді.

Респонденттердің 33,3% диагностика деңгейінің көтерілуін көрсетсе, сұхбаткерлердің төрттен бір бөлігі (25,0) сервистік қызмет көрсету сапасын жақсарту мен емдік базаны нығайтуды нұсқады, 8,3%-ы дәрігерлердің біліктілігін көтеріп, жұмыстың ұйымдастырылуын күшейтуді атады.

Зерттеудің мақсатымен медицина қызметкерлерінің травматологиялық жәрдем көрсету тиімділігінің жақсаруына әсер етуші субъективті факторлар анықталды. Сауалнамалық зерттеудің барысында 21 дәрігер-мамандар сұхбат берді.

Зерттеудің бастапқы кезеңінде сұхбаткерлердің жас құрамы зерттелінді.

Сұхбаткерлердің жасы келесідей үлестірілді: 23-29 жас – 28,6%, 30-39 жас – 33,3%, 40-49 жас – 14,3%, 50-59 жас – 14,3% және 60 жастан жоғары – 9,5%.

Келесі мәліметтерден, сұхбаткерлердің жалпы санының төрттен бір бөлігінен астамында (28,6%) біліктілік санатының жоқтығын байқаймыз, 19% – бірінші санат, 23,8% – жоғары санат, және 28,6%- екінші санаттың бар екендігін көрсеткен.

Сұхбат берген дәрігерлердің 28% өз жұмыстарының қанағаттанатыны, ал 52,4% жартылай қанағаттанатыны белгілі болды. Осы арада тек 19% қойылған сұрақ теріс жауапты нұсқады.

«Сіз медициналық ұйымның техникалық жабдықталу деңгейіне қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа сұхбаткерлердің 14,3% ғана толықтай қанағаттанамын деп жауап берді. Респонденттердің басым бөлігі яғни, 47,6% жартылай қанағаттанады екен, ал 38,1% - медициналық ұйымның техникалық жабдықталуына мүлде қанағаттанбайды.

Еңбек жүктемесіне қатысты сауалымызға дәрігер-мамандардың 71,4% еңбек жүктемесінің жоғары екендіктерін атап кетсе, 28,6% қалыпты деп жауап берген. Еңбек жүктемесінің жоғары болуы өз кезегінде дәрігерлердің кәсіби зорығуына әкелуі мүмкін. Нәтижесінде сапасыз медициналық көмек, науқасқа деген селқос қарым-қатынастың туындауына алып келуі мүмкін.

Сұхбат берген дәрігерлердің 28,6% еңбек ақыларына қанағаттанбайтыны белгілі болды, 61,9% жартылай қанағаттанады, және тек 9,5% ғана еңбекақылары толық қанағаттанбайтынын көрсетті. Еңбек ақы менеджменттегі ең күшті ынталандырушы күш

болып табылады. Бұл нәтижелер жалпылай алғанда еңбек ақыларына көңілінің толмайтындықтарын көрсетеді.

Зерттеуіміздің келесі сауалы сұхбаткер дәрігерлердің жұмыс істейтін медициналық ұйымдарындағы психологиялық климатты анықтауға қатысты болды. Сонымен, жұмыс істеу ортамның аурасы өте жақсы деп 33,3% белгілесе, 42,9% жақсы деген, ал, 23,8 қанағаттанарлық деген жауапты таңдаған. Жұмыс ортасындағы психологиялық жағдайларда мамандардың жақсы, нәтижелі жұмыс істеуіне өз септігін тигізеді. Жақсы жағдайда оң нәтиже берсе, жаман жағдайда керісінше теріс нәтиже береді.

Шешімдер. Сұхбаткерлердің тек 4,7%-ы көрсетілген медициналық жәрдемнің көлемі мен сапасына қанағаттанбайды. Оған басты себеп - көптеген диагностикалық зерттеулердің тағайындалуы болған. Сұхбаткерлерден травматологиялық жәрдем сапасын жақсарту жөніндегі ұсыныстар мен тілектер қабылданды. Осылайша, сұхбаткерлердің төрттен бір бөлігі (24,6%) сервистік қызметті жақсартуды, 15,8%-ы диагностика деңгейін көтеруді меңзеді.

Дәрігер-мамандарды сауалнамалық зерттеудің барысында дәрігерлердің 28,6%-ы өз жұмыстарының шарттарына толық қанағаттанатындығын көрсетті, ал «Сіз медициналық ұйымның техникалық жабдықталу деңгейіне қанағаттанасыз ба?» деген сауалға сұхбаткерлердің тек 14,3%-ы мақұлдап жауап берді. Сұралған дәрігерлердің 28,6% еңбек ақыларына қанағаттанбайтынын айтты, ал 61,9% – жартылай қанағаттанады, ал 81%-ы ақылы медицина қызметтерін енгізуді нұсқады.

«МАКСАТ МЕД» ЖШС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ЭМОЦИОНАЛДЫ КҮЙЗЕЛІСІ»

Максат Н.¹, Кошербаева Л.К.².

*¹Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ», г. Алматы, Республика
Казахстан*

*²С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,
Алматы, Қазақстан*

Қазіргі таңда адамдардың кәсіби күйіну мәселелері психолог мамандардың басты назарында. Кәсіби күйіну-бұл синдром, психологиялық күйіну және оның құрылымына деген бір ғана көзқарас бар. Қазіргі мәліметтерге сәйкес «психологиялық күйіну» әлеуметтік - аймақ кәсібінде көрінетін физикалық, эмоционалдық және ақыл-ой қажуының күйі деп түсіндіріледі. Д. Гринбердің пікірі бойынша «күйіну» эмоционалдық, және когнитивті физикалық титықтауды сипаттауды келесі белгілермен көрсетеді: әзіл сезімінің азаюы, денсаулығының нашарлауы, жұмыс ретінің өзгеруі, өзін бағалаудың төмендеуі т.б.

Мейірбикелердің өмір сапасын зерделеу және кәсіби күйінуін бағалау арқылы кәсіби күйінулердің алдын – алу, олардың өз көзқарастарын сауалнама негізінде зерттеу болашақта мейірбикелердің жұмыстарына қызығушылығын артырып, дәрігердің біраз қызметтерін мейірбикелерге жүктеуге мүмкіндік береді. Еңбек тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Мейірбикелердің өмір сапасын арттыра отырып, медициналық көмектің дұрыс көрсетуін ұйымдастыру. Жұмыстарына жауапкершілікпен тұрақтылық, кәсіби білімдерін жетілдіру, ынталандыру жолдарын қарастыру.

Аталған барлық жағдайлар пәннің нақты зерттеулерін анықтау негізі және оны таңдаудағы басты бағыт болып табылады.

Зерттеу мақсаты – Мейірбикелердің өмір сапасы мен кәсіби күйінуін зерттеу және оңтайландыру бойынша тәжірбиелік ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Әлеуметтік негізгі зерттеу жүргізілді. Негізгі зерттеу аясында «MAKSAT MED» жұмыс істейтін мейірбикеге сауалнама жүргізілді.

Сауалнама «MAKSAT MED» барлық бөлімшелерінде жұмыс істейтін әртүрлі деңгейдегі мейірбикелерге жүргізіледі.

Мамандықтың бағыты бойынша, респонденттердің, басым көпшілігі хирургиялық - 27,2%, педиатриялық - 23,9% мамандық өкілдері. Негізгі мамандық профилдерінен басқа, басқа мамандық бағыттарының үлесі жиынтықтың 1/5 құраған (21,1%).

Сонымен қатар, мамандар құрамында, үлес салмағы салыстырмалы түрде айтарлық болмаса да, терапиялық (15%) және диагностикалық (12,8%) бөлімдер қызметкерлері болды.

Жалпы мейірбикелердің көп бөлігіне яғни, 66% істейтін жұмысы ұнайтындығын айтса, жауап берген мейірбикелердің үштен бір бөлігі 34% ұнамайтындығын атап өтті. Негізгі себеп болып жалақы мөлшерінің төмендігі және жұмыстағы күштеменің стандарттарға сәйкес болмауын айтады.

Сауалнамаға жауап берген жалпы мейірбикелердің 79% алатын айлық деңгейі қанағаттандырмайды. Олардың айтуынша атқарып жүрген жұмыс алатын жалақы мөлшеріне сәйкес келмейді деп жауап берді. 21% - жалақы деңгейі жеткілікті деп жауап берді.

Жалпы мейірбикелердің 41,9% жұмысын қанағаттанарлық деп бағалады, 35,5% - қанағаттандырмайды екен, ал 22,6% - жақсы деген баға берді.

Өз денсаулығыңызды қалай бағалайсыз? – деген сауалға жалпы респонденттердің 59,7 % - жалпы денім сау деп белгіледі (олардың ішінде көп бөлігін 20 жастан 40 жасқа дейінгі респонденттер құрады), 24,2% - диспансерлік есепте тұрамын дейді (41 жастан бастап 50 жастан асқандар құрады), 16,1% - кәсіби қызметіне байланысты созылмалы ауруларын атап өтті.

XII сурет мәліметтеріне сәйкес, жұмыс жағдайында жиі қарбаласты сезінемін әрі еңсем түсіңкі деп респонденттердің 12,8% жауап берген. ½-нен астамы (51,1%) жұмыстағы мұндай келеңсіздіктерді, кейде, сезінемін деп тоқталған.

Кәсібінің қарбаласымен дұрыс көңілінің болмауын, барлық кезде сезінетініне 8,9% мейірбике-маман дауыс берген. Мұндай негативті жұмыс барысында мүлдем сезінбейтініне ¼-ден астам энтузиаст-маман сенімді.

Кейде немесе уақыт өте келе «қарбаластық пен еңсенің түсуіне» шағымданған, жиынтықтың жартысынан аса бөлігі, бұл құбылысты жұмыс ритмінің күрделілігі мен жұмыс өтілінің артуымен байланыстырады.

Жұмыс барысында рахаттанушылық сезіміне бөлейтін аспектердің бар екендігін әрі қазірге дейін өзгеріссіз солай екенін 28,3% растайды. Сенімсіз түрде, бәлкім солай шығар деп 1/3-нен астамы (36,1%) екіұшты жауап белгілеген.

Рахаттанушылық сезіміне бөлейтін жұмыстағы сәттер «өте аз дәрежеде» болады деп 18,3% нұсқаған. «Бұл мүлдем мүмкін емес» деп жұмыс пен рахаттанушылық сезімінің қиыспайтынана 17,2% нұсқаған.

Дегенмен, зерттеу тобының басым бөлігі (жиынтық көрсеткіші –64,4%) жұмыс барысында рахаттанушылық сезіміне бөлейтін аспектердің барын куәландырады.

Мамандар денсаулығының физикалық мүмкіндіктерін анықтауды ескере отырып, құрастырылған «Қазіргі уақытта денсаулық жағдайыңыз төменде келтірілген физикалық жүктемелерді орындауды шектей ме?» сұрақ жауаптары физикалық мүмкіндіктері мен олардың шектелі дәрежелерін анықтауға мүмкіндік берді.

Үстелді жылжыту, шаңсорғышпен жұмыс істеу, еңкею немесе тартылу арқылы шамалы физикалық жүктемелер орындауда физикалық мүмкіндіктерінің айтарлықтай шектелгендігіне 7,2% шағымданады. Бұл әрекет түрлерінің «аз ғана шектелгендігіне» 27,2% нұсқаған.

Алайда, оңтайлы факт болып қимыл-қозғалыстарының көрсетілген әрекет түрлерін орындауда «мүлдем шектемелмегені» табылады.

Жиі жағдайда, баспалдақпен бірнеше қабатқа жаяу көтерілудің де денсаулықтың физико-функционалдық мүмкіндіктерін бағалауда қолданылатыны белгілі. Зерттелген респонденттердің 7,8% - баспалдақпен бірнеше қабат жаяу көтерілуде мүмкіндіктері «айтарлық шектеулі». Айтылған физикалық жүктемені орындауда «аз ғана шектелгендер» - 31,7% тең. Ал, бұл ретте, физикалық мүмкіндіктері, тіпті де шектелмегендер – 60,6% құраған.

Әрине келтірілген екі әрекет түрлері бойынша физикалық жүктемені орындау мүмкіндіктері шектелмегендер санының басым болуы жағымды жәйт болып табылады.

Соңғы айдағы тіннің физикалық жағдайының кәсіби жұмысты немесе күнделікті жұмысты орындауда қиындық туғызу/туғызбау фактілерін саралау жүргізілді. Жоспарланған көлемнен жұмысты аз орындағандар 27,2%% құрап, жұмысты атқарудағы физикалық мүмкіндікте біршама зорығу барын ескертеді.

Қандай да бір нақты жұмыс түрін немесе өзге қызметті орындауда 24,4% физикалық параметрлік шектеулер болған.

Алайда, көп жағдайда, респонденттерде кестеде көрсетілген әрекет түрлерін сәтті атқаруда физикалық денсаулық мүмкіндіктерінің сәйкес болуы – оңтайлы көрсеткіш (сәйкесінше, 72,8-75,6%).

Суреттен көріп тұрғанымыздай, персонал-респонденттердің, соңғы айдағы, эмоционалдық статусының өзгерістерін анықтауда, эмоционалдық тұрақсыздықтан, мамандардың 1/3-нің (33,3%) жұмыс көлем ойлағаннан аз орындауы орын алған.

Өз жұмысыңызды немесе өзге жұмысты әдеттегідей тиянақты орындамаудың маманның эмоционалдық жағдайына тәуелділігі 27,2% жауаптармен расталды.

Дегенмен, кестеге сәйкес, эмоционалдық статусқа байланысты орын алған негативті жағдайлармен салыстырғанда, эмоционалдық тұрақсыздыққа берілмей, жоспарланған және күнделікті жұмысты өз дәрежесінде атқарып жүргендер үлесінің басым болуы анықталды.

Денсаулықтағы мазасыздықтардың қалыпты жағдайда жұмысты атқаруға аздап кедергі болғанын 22,2% алға тартады. Осы кедергі себептің жұмыс нәтижелерінде біршама айтарлық үлесінің бар екені 21,7%-бен расталды.

6,1% респонденттер өз денсаулық ауытқуларының жұмыс атқаруда «күшті» әсерлері бар деп көрсеткен. «Өте күшті» әсерін көрсеткісі келген 2,8% персонал, жанама түрде, денсаулықтарында айтарлық ауытқу барына меңзеп отыр.

Денсаулық жағдайы мен ауру сезімінің жұмысты атқаруға кедергі емес екендігін айтумен қатар, респонденттердің жартысына тарта бөлігі (47,2%) денсаулық жағдайларының жақсы екендіктерін білдірген

Мейірбикелердің мінез-құлқына және жұмысына байланысты кәсіби зорығуға әкелетін факторларын анықтау:

Жұмысын басты орынға қоятын мейірбикелердің жоғары үлесі – 48,7%, өз кәсібін жоғары дәрежеге жеткіземін дейтін мейірбикелер жоғары үлесі – 88,2%, жұмыс міндеттерін шаршағанша істей беремін деушілердің жоғары үлесі - 61,3%, жұмысым мінсіз болуы керек деп санайтын мейірбикелер - 86,6%.

Яғни жұмысқа қабілеттілік көрсеткіші айтарлықтай жоғары болып отыр.

Жұмыс уақыты аяқталса да, жұмысты үнемі ойлап жүретіндердің жалпы үлесі «кейде» деп жауап бергендердің жалпы үлесі -39,5%; жетістіктерге жете алмай қалған жағдайда іштей қиналамын дейтін мейірбикелердің «жоқ» деп жауап бергендер басым бөлігін құрады, яғни - 66,4%; қиындықтарды жеңуге қиналмайтындардың үлесі «иә» деп жауап бергендер үлесі – 88,2%-ды құрады; өткен өміріме өкінішім жоқ деген мейірбикелер үлесі 74,8%- ы мақұлдады .

Жақсы қарым-қатынаста болу үшін жан жақтылық танытамын деушілердің жоғары үлес көрсеткіші – 84,9%; кәсіби мансабын маңызсыз деп есептейтіндердің жоғары үлесін алды, яғни – 46,2%- ы мақұлдады; жұмысынан ештеңе аямайтын мейірбикелердің жоғары үлесі – 83,2%; жұмыс нәтижелерін қатесіз өткізу үшін қайтадан қарап тексеріп шығамын

дейтін мейірбикелердің басым бөлігі «иә» деп жауап берді, олардың жоғары үлесі – 78,2%-ды құрады.

Жұмыстан тыс уақытта да жұмыс істейтіндердің жоғары пайызы – 69,7%-ды алады; өз қателіктеріне қиналмайтын мейірбикелердің жалпы үлесі – 59,7%; жұмысындағы қиындықтардан уайымға салынатындардың жоғары үлесі – 73,1%-ды алады; «Мен тынымсыз адаммын»- деген сауалға мейірбикелердің басым бөлігі 58% құрады.

Жұмысы бойынша өз-өзіне сенімді мейірбикелер жоғары үлесі – 81,5%, кәсіби өрлеуін жүзеге асырғандар үлесі – 73,1%, ал отбасына әрқашан қолдау көрсетіп жүремін деп жауап бергендердің жоғары үлесі – 86,6%-ды құрады.

«Айналамадағы адамдардың көптеп қолдау көрсетулерін қалаймын» деген сауалға «иә» деп жауап бергендер мейірбикелердің үлесі – 68,1%-ды қолдауға мұқтаж екендіктерін көрсетті.

Қорытындылай келе, мейірбикелердің мінез-құлқына және жұмысына байланысты кәсіби зорығуға әкелетін факторлары айтарлықтай өршіп тұрған жоқ. Мейірбикелердің жартысынан астамы кәсіби зорығу белгілері туындамайтындай етіп жақсы пікірде жауап берді.

ОРГАНИЗАЦИЯ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ ДЕТЯМ С ПОЛИТРАВМАМИ

Буйенбаева М.Г.¹, Жакупова М.Н.², Нурбақыт А.Н.², Әбілқасым Д.А.², Жақын Н.А.²

¹«КМУ ВШОЗ», г. Алматы, Республика Казахстан

²«КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова», г. Алматы, Республика Казахстан

Введение. Лечение больных детей с политравмами остается одной из важнейших медико-социальных проблем, сохраняющих свою актуальность и в будущем.

Составляющими успеха лечения политравм являются правильно выбранные показания и метод лечения, адекватные сроки остеосинтеза и подбор фиксаторов, предоперационная подготовка и анестезиологическое пособие, стабильная фиксация отломков, а также правильные послеоперационное ведение и реабилитация больных. Только при соблюдении всех условий возможен благоприятный исход лечения.

Целью исследования является разработка предложений по совершенствованию профилактической помощи детскому населению с политравмами.

Задачи исследования: оценить распространенность и тенденцию травматизма среди детского населения; провести анализ и оценку деятельности отделения травматологии; изучить мнение родителей о качестве оказанной медицинской помощи в ДГКБ №2 г.Алматы и дать рекомендации по улучшению профилактики детскому населению с политравмами.

Для анализа использовались следующие документы: - статистическая отчетность Министерства здравоохранения Республики Казахстан; материалы анализа годового отчета травматологического отделения ДГКБ №2 г.Алматы, социологический опрос родителей, на предмет качества оказанной помощи. Всего исследованием были охвачены 57 респондентов-родителей детей обратившихся в ДГКБ №2 г.Алматы.

Для реализации поставленных задач в работе были использованы современные методы научного исследования: социологический, информационно-аналитический, статистический.

Результаты исследования: установлено, что в 2021 году число травм среди основных контингентов населения РК составило 573285, из них среди взрослого населения – 386854 случаев (или 67,6%), подростков – 48226 (8,4%) и детей – 138205 (24,1%).

В 2022 году число травм и отравлений составило 596893 человек. При этом, наибольший удельный вес в структуре населения, получившего травмы составляли взрослые – 421640 (или 70,6%); меньший, дети - 128708 человек (или 21,6%) и наименьший, подростки – 46545 человек (или 7,8%).

Показано, что в 2023 году число зарегистрированных травм в РК составило ; из них, среди взрослого население –70,6%, подростков – 7,5% и детей –21,9%.

Следующим этапом исследования явилось изучение динамики средней длительности пребывания больного травматологического профиля.

Средняя длительность пребывания больного на травматологической койке составила в 2021 году – 7,6, в 2022 году – 7,7 и в 2023 году – 7,8 дней. Установлено, что средняя длительность пребывания больного на койке в 2022 году по отношению к 2021 увеличилась на 1,3%; в 2023 году отмечено ее дальнейшее увеличение на 1,3%.

Данные структуры обращения детского населения в травматологическое отделение ГДКБ №2 установило, что в течение исследуемого периода госпитализация в основном проводилась скорой медицинской помощью, при одновременном снижении темпа прироста.

Так, удельный вес госпитализации скорой медицинской помощью составил в 2021 году - 46,6%, в 2022 году данный показатель снизился на 10,2% и составил – 44,5%. Темп прироста в 2023 году по сравнению с 2022 годом снизился еще на 1,1%. При этом удельный вес был наибольшим среди других обращений и составил 46,3%.

На втором ранговом месте находились самообращение травматологических больных. Следует отметить, что удельный вес обратившихся самостоятельно было немного меньше по отношению госпитализированных скорой медицинской помощью. В 2021 году они составили 40,2%, в 2022 году – 40,1% и в 2023 году – 38,6%.

Причем показатель прироста в данном случае также снижался: в 2022 году – на 6,2% и в 2023 году – на 8,5%.

Следует отметить, что показатель прироста направленных на госпитализацию с территориальных поликлиник в течение анализируемого периода увеличивался: в 2022 году – на 4,5% и в 2023 году – на 47,3%.

В ДГКБ №2 г.Алматы, был проведен социологический опрос родителей детского населения получивших медицинскую помощь в целях определения степени удовлетворенности уровнем и качеством оказываемой травматологической помощи.

Одной из важных характеристик качества оказываемой медицинской помощи в настоящее время является степень удовлетворенности пациентов организацией помощи. Анализ мнения пациентов по организации медицинской помощи позволяет контролировать качество данного вида помощи и планировать меры по ее совершенствованию. 43,3% пациентов, принявших участие в опросе, по поводу качества оказываемой помощи в поликлинике отметили, что они «полностью» удовлетворены качеством оказываемой медицинской помощи, чуть больше половины (54,7%) опрошенных удовлетворены «не совсем» и, лишь, 2,0% пациентов, принявших участие в опросе, полностью «не удовлетворены» качеством оказываемой медицинской помощи

По мнению абсолютного большинства опрошенных (70%), медицинские работники относились к ним с вниманием и участием, каждый пятый респондент (21,3%) оценил отношение медицинских работников как «не очень внимательное и лишь 3,2% пациентов оценили отношение как «безразлично».

Выводы: Число выписанных травматологических больных в ГДКБ №2 в течение изучаемого периода снизилось на 7,6%, а выписанных в течение суток – на 46,5%, с одновременным уменьшением фактически проведенных койко-дней - на 4,7%. При этом установлено увеличение средней длительности пребывания детского населения больного на травматологической койке - на 4,7%. Наибольший удельный вес направленных на госпитализацию составляла скорая медицинская помощь (46,6%) и самообращение

(40,1%), далее следуют с большим отрывом направленных территориальными поликлиниками (12,5%), прочими обращениями (3,2%) и организациями ПМСП (2,2%).

Анализ мнения родителей по организации медицинской помощи позволяет контролировать качество данного вида помощи и планировать меры по ее совершенствованию. 46,7% пациентов, принявших участие в опросе, по поводу качества оказываемой помощи в детской больнице отметили, что они «полностью» удовлетворены качеством оказываемой медицинской помощи, чуть больше половины (51,3%) опрошенных удовлетворены «не совсем» и, лишь, 2,0% пациентов, принявших участие в опросе, полностью «не удовлетворены» качеством оказываемой медицинской помощи.

Список литературы:

1. Усатаева Г.М., Хайрушев А.Е. Эпидемиологическая характеристика детского травматизма в г. Алматы // Денсаулық сақтауды дамыту журналы. – Астана, 2019.- № 4(53).- С.57-61.

2. Khairushev A., Shumilina L., Ussatayeva G., Zhylkaidarova A. Kazakhstan: prevention of road injuries among schoolchildren (case-study). - WHO European Regional Office, 2020.- 127p.

3. Кульжанов М.К., Усатаева Г.М., Медеубаева К.К., Дьяченко Н.А., Ащетулова А.В., Исакова Г.Д., Камзебаева Л.Ж. Эпидемиологический подход к изучению детского бытового травматизма // Центрально-Азиатский научно-практический журнал по общественному здравоохранению.- Алматы.- 2018. - №3-4. – С.19-24 .

4. Усатаева Г.М., Хайрушев А.Е. Анализ детской смертности по причине травм в г. Алматы // Центрально-Азиатский научно-практический журнал по общественному здравоохранению.- Алматы.- 2019. - № 1-2. – С.56-59 .

5. Михайлова Л.К., Чеченова Диагностика наследственных заболеваний скелета в соответствии с международной классификацией дисплазий скелета. // Актуальные проблемы костной патологии у детей взрослых. Научно-практическая конференция с международным участием. // Москва, 23-24 апреля 2018г. С. 179-181. Ф.В., Нечволодова О.Л.

6. Новая интегральная модель организации медицинской помощи детям при травмах и ожогах. Учебно-методические рекомендации. - Н. Новгород: Изд-во НГМА, 2019. – 32 с. (совм. с: А.В.Разумовский, А.К.Мартусевич).

7. Усатаева Г.М., Камзебаева Л.Ж. Основные направления профилактики ожогов у детей в возрасте до 1 года // Актуальные вопросы формирования ЗОЖ, профилактики заболеваний и укрепления здоровья. – Алматы.- 2019. - № 4. – С. 114-116.

МИГРАНТТАРДЫҢ ТУБЕРКУЛЕЗ МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕГІ ХАБАРДАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ

Айтамбаева Н.Н.¹, Арингазина А.М.², Назарова Л.З.³, Кибатолдинов Е.Н.⁴

¹*«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті, Қазақстан, Алматы қ.*

²*Алматы Менеджмент Университеті, Қазақстан, Алматы қ.*

³*«С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ,
Қазақстан, Алматы қ.*

⁴*«Семей медицина университеті» КЕАҚ, Қазақстан, Алматы қ.*


Кіріспе: Қазіргі уақытта көші-қон эпидемиологиялық әл-ауқат тұрғысынан маңызды әлеуметтік-экономикалық маңызға ие. Әлемдегі елдердің ешқайсысында халықтың көші - қонына байланысты тұрғын үймен қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру, әлеуметтік жәрдемақылар және т. б. проблемаларды тиімді шешуге арналған ресурстар мен

құрылымдық тетіктер жоқ. Тым болмаса, шамадан тыс шоғырлану қаупі бар аудандардағы жалғасып жатқан қақтығыстардың көпшілігін, сондай-ақ адамдардың ауқымды қозғалысына байланысты орын алатын және ықтимал проблемаларды тиімді шешу мақсатында экономикалық және әлеуметтік жобаларды шешу үшін түпкілікті шаралар қабылданбаған. Мигранттар арасында жиі таралатын, сондай ақ, елдің жұқпалы аурулар бойынша қауіпсіздігіне қауіп төндіретін барлық жұқпалы аурулардың ішінде туберкулездің өзектілігі басым.

Зерттеу мақсаты: еңбек мигранттары арасындағы туберкулез мәселелеріндегі хабардарлық деңгейін зерттеу.


Материалдар мен әдістер: ішкі мигрант болып табылатын 200 адамнан сұхбат алынды. Сауалнама ішкі мигранттар саны көп аймақ саналатын Алматы қаласы мен Алматы облысында жүргізілді. Бұл зерттеуде ішкі мигрант деп соңғы бір жыл ішінде тұрақты немесе уақытша табыс табу үшін ел ішінде қоныс аударған адамдар қарастырылады. Ішкі мигранттардың Алматы қаласында болуының орташа мерзімі 4,5 айды, ең азы 1 айды, ең көбі 10 айды құрайды. Олардың барлығы елдің әртүрлі аймақтарынан қоныс аударғандар.

Зерттеу нәтижелері: Сауалнамаға қатысқан еңбек мигранттарының 37,5%-ын 31 - ден 40 жастағылардың үлесі құрайды, білім деңгейі бойынша тек 7,5%-ның жоғары білімі бар және олардың 50% - ы некеде тұрады. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің ішінде жұмысшы /сатушы/ауыл шаруашылығындағы жұмысшылардың үлесі - 64,5% және еңбек мигранттары 22%-ды құрайды. Зерттеу көрсеткендей, азаматтардың тұрғылықты жеріне ең жақын медициналық ұйымның орналасу қашықтығы бірнеше жүз метрден (Минимум - 100 метр) ондаған шақырымға дейін (Максимум - 25 км) ауытқиды. Көбінесе (Мода) 1 км қашықтық белгіленді. Орташа алғанда, ең жақын медициналық мекеме (емхана немесе аурухана) 2,6 шақырым қашықтықта орналасқан. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, туберкулез ауруының ауырлығын түсінуді көрсететін бағалаулар, ішкі мигранттарға (64%) және жалпы халыққа (69%) қарағанда, АИТВ инфекциясын жұқтырғандар (77%) мен Есірткіге тәуелді адамдар (86%) арасында айтарлықтай жоғары кездеседі. Мигранттар мен жалпы халық арасында «жартылай маңызды» деген жауап нұсқасын таңдағандар жиі кездесті (Сурет 1).



Сурет 1. Респонденттердің туберкулез ауруының ауырлық дәрежесін бағалауы

Туберкулезді емдеу туралы хабардарлықтың ең төменгі деңгейі ішкі мигранттар арасында байқалады, олардың 41% бұл ауруды емдеуге болады деп жауап берді, ал «жок» деп жауап бергендердің үлесі - 13% болса, 35% туберкулез толық емделмейді деп санайды және 12% бұл аурудың емделуі туралы білмейді. «Туберкулезді қалай емдеуге болады деп ойлайсыз?» деген сұрақтың нәтижелері 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. Респонденттердің туберкулез ауруының емделу дәрежесі туралы хабардарлығы

Талқылау: ішкі мигранттар арасында медициналық ұйымдарға жүгінудің салыстырмалы түрде төмен деңгейі байқалады, дегенмен олардың 82% медициналық ұйымдарға жүгінеді, 10% өзін-өзі емдейді, 6% емшілерге, тағы 6% дәріханаға дәрі-дәрмек алуға жүгінеді, яғни, іс жүзінде, олар өзін-өзі емдеумен айналысады. Сауалнамаға қатысқан барлық мақсатты топтардың абсолютті көпшілігі (71%-91%) туберкулез рентгенография арқылы анықталатынын атап өтті. Жауаптар қатырындағы ең аз үлесі (71%) ішкі мигранттардың арасында байқалады, сондай-ақ, «білмеймін» деген жауап нұсқасын көрсеткердің ең көп үлесі де (24%) осы топтағы респонденттерге тиесілі. Туберкулез туралы хабардар болу деңгейін бағалау мақсатында барлық респонденттерге «Сіз өзіңізді туберкулез туралы жақсы хабардар деп санайсыз ба?» деген сұрақ қойылды: Жауаптардың нәтижелеріне сәйкес, ішкі мигранттардың 42%-ы өздерінің туберкулез туралы хабардарлық деңгейін «жоғары» деп бағалайды.

Түйін: Зерттеу нәтижелері, еңбек мигранттарының едәуір бөлігінің пікірінше туберкулез туралы ақпаратты жеткізудің ең тиімді жолы теледидар арналары мен медицина қызметкерлері екенін көрсетеді. Сонымен қатар, олар интернет-ресурстар да тиімді ақпарат көздері болып табылады деп санайды, яғни туберкулез туралы ағартушылық ақпараттарды әртүрлі ресми сайттармен қатар, әлеуметтік желілерде де жариялауды жақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аликеева Э.А., Арингазина А.М., Берикова Э.А., Джазыбекова П.М., Рыскулов Г.П. Особенности туберкулезной инфекции на современном этапе развития // Фтизиопульмонология. 2017. №2 (30). С.19–22
2. Арингазина А.М., Айтамбаева Н.Н., Назарова Л.З., Алимбекова Г.Т., Исмаилов Ш.Ш., Аденов М.М., Джазыбекова П.М., Мусабекова Г.А., Аликеева Э.А. Уровень осведомленности в вопросах туберкулеза населения и ключевых групп Республики Казахстан // Наука и Здравоохранение. 2021. 5(Т.23). С. 67-77. doi 10.34689/SH.2021.23.5.008

ОРГАНИЗАЦИЯ ПЕДИАТРИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ В УСЛОВИЯХ ОБЯЗАТЕЛЬНОГО СОЦИАЛЬНОГО МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАНЕ (ОБЗОР)

Актлеуова Р.К.

Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ», Алматы, Казахстан

Педиатрическая помощь играет важную роль в поддержании здоровья детей и подростков. Ее особенность заключается в специфике возрастных особенностей пациентов, которые требуют профессионального и компетентного медицинского вмешательства [1]. В первую очередь, следует отметить, что педиатрическая помощь охватывает детей с рождения до 18 лет, и включает в себя профилактику, диагностику и лечение заболеваний детского возраста. Основопологающими принципами организации педиатрической помощи являются доступность, качество и эффективность медицинской помощи [2, 3].

В настоящее время в Казахстане действует обязательное социальное медицинское страхование (ОСМС), которое позволяет гражданам получать качественную и доступную медицинскую помощь [4]. Одним из важных направлений этой системы является педиатрическая помощь – медицинская помощь детям и подросткам до 18 лет. Согласно статье 76, главы 12 Кодекса Республики Казахстан (РК) «О здоровье народа и системе здравоохранения» государство гарантирует гражданам РК: 1) равный доступ к медицинской помощи; 2) качество медицинской помощи; 3) качество лекарственного обеспечения; 4) доступность, эффективность и безопасность лекарственных средств; 5) проведение мероприятий по профилактике заболеваний, формированию здорового образа жизни и здорового питания; 6) свободу репродуктивного выбора, охрану репродуктивного здоровья и соблюдение репродуктивных прав, 7) санитарно-эпидемиологическое благополучие [5].

Основные принципы организации педиатрической помощи в условиях ОСМС в РК [4]:

Доступность. Пациентам обеспечивается доступ к медицинским услугам в рамках страховой медицинской организации, с которой они заключают договор страхования. Дети получают помощь в рамках педиатрических отделений поликлиник и больниц.

Качество. Врачи и медицинские работники, оказывающие педиатрическую помощь, должны иметь высокий уровень квалификации и следовать стандартам медицинской практики. Контроль качества медицинских услуг осуществляется на уровне страховых компаний и государственных органов здравоохранения.

Профилактика. Организация педиатрической помощи включает в себя не только лечение заболеваний, но и их профилактику. В рамках программ обязательного медицинского осмотра проводятся обследования и вакцинации детей, чтобы предотвратить развитие опасных инфекционных заболеваний.

Информационная поддержка. Родителям предоставляется информация о возможностях и преимуществах педиатрической помощи в рамках обязательного социального медицинского страхования, чтобы они могли правильно организовать здоровье своих детей.

Эффективное управление. Для обеспечения эффективности педиатрической помощи необходимо эффективное управление процессами в рамках страховых компаний и медицинских учреждений. Контроль за исполнением планов и программ должен осуществляться на всех уровнях.

Педиатрическая помощь в условиях ОСМС в Казахстане обеспечивается за счет финансирования из страховых взносов, которые корректируются в зависимости от возраста и состояния здоровья застрахованного. Важной особенностью является то, что

иностранные граждане и лица без гражданства также могут воспользоваться педиатрической помощью в рамках обязательного медицинского страхования.

По данным Министерства здравоохранения Республики Казахстан (МЗ РК), в настоящее время в стране функционирует более 5 тыс. медицинских организаций, включая поликлиники, больницы, родильные дома и другие [6]. Это позволяет обеспечить широкий охват детского населения и обеспечить им качественную медицинскую помощь.

Программы по профилактике детских заболеваний также активно развиваются в стране. В рамках обязательного медицинского осмотра проводятся не только общие медицинские осмотры, но и специализированные обследования, например, на генетические заболевания или аллергические реакции. Одним из элементов развития педиатрической помощи в Казахстане является обеспечение доступа к высокотехнологичным методам диагностики и лечения детей. В последние годы в стране активно внедряются новые методики лечения детских заболеваний, что позволяет повысить эффективность лечения и улучшить результаты. Однако, несмотря на все усилия властей, вопросы доступности и качества педиатрической помощи остаются актуальными. Нередко возникают проблемы с отсутствием квалифицированных специалистов, недостатком медицинского оборудования и лекарственных препаратов. Для улучшения ситуации необходимо проводить дополнительные мероприятия по повышению квалификации медицинских работников, обновлению оборудования и оптимизации процессов управления педиатрической помощью.

Таким образом, организация педиатрической помощи в условиях обязательного социального медицинского страхования в Казахстане является важным элементом системы здравоохранения страны. Несмотря на ряд проблем, усилия властей направлены на улучшение доступности, качества и эффективности педиатрической помощи для детей и подростков. Важно продолжать работу по совершенствованию системы здравоохранения и повышению качества медицинской помощи детям.

Список использованной литературы

1. World Health Organization. Health for the world's adolescents: a second chance in the second decade. Geneva: WHO, 2014.
2. American Academy of Pediatrics. Guidelines for pediatric healthcare providers. Elk Grove Village, IL: American Academy of Pediatrics, 2013.
3. Шемшук А.Ю. Организация педиатрической помощи в условиях современной России. Педиатрия, №2, 2017.
4. Закон Республики Казахстан от 16 ноября 2015 года № 405-V «Об обязательном социальном медицинском страховании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.02.2024 г.).
5. Кодекс Республики Казахстан от 7 июля 2020 года № 360-VI «О здоровье народа и системе здравоохранения» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.02.2024 г.)
6. Доклад Министерства здравоохранения Республики Казахстан <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/press/article/details/105104?lang=ru>

ШАЛҒАЙ ӨНІРЛЕРДЕ ХАЛЫҚҚА КӨРСЕТІЛЕТІН ЖЕДЕЛ ХИРУРГИЯЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Оразбек А.А.¹, Айтманбетова А.А.²

¹ «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университетінің магистранты, Алматы қ.,
Қазақстан

² «С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ,
Алматы қ., Қазақстан

Кіріспе. Шалғай аймақтарда сапалы медициналық көмекке қол жетімділіктің шектеулі болуы себепті осы санаттағы халыққа шұғыл хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру маңызды міндет болып табылады, Соңғы жылдары хирургиялық практиканың дамуы тиісті ресурстармен қамтамасыз етуді, білікті персоналдың болуын және еңбекті ұтымды ұйымдастыруды талап ететін емдеу-диагностикалық процестің жаңа технологияларын енгізумен сипатталады. Алайда, хирургиялық көмекті қажет ететін әлеуметтік маңызы бар аурулардың таралуы жоғары деңгейде қалып отыр. Ауруханаларға келетін хирургиялық бейіндегі науқастардың қатарында шұғыл түрде түскен адамдардың үлесі басым түседі. Қазіргі уақытта денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі талаптар медициналық қызметтер мен ресурс сақтаушы технологиялардың қолда бар ұйымдық нысандарын әзірлеуді, жетілдіруді және қажетті тетіктерді енгізуді, халыққа амбулаторлық-емханалық көмектің сапасын едәуір кеңейтуді және арттыруды көздейді.

Материалдар және әдістер. Google Scholar, Web of Science, Pubmed базаларында толық мәтінді дереккөздерге талдау жүргізілді. Іздеу «Emergency surgical care», «Quality of medical care», «Primary health care», «Health sector reforms» кілт сөздерін қолдану арқылы 20 жыл ауқымында жүргізілді. Қосу критерийлері: рандомизацияланған және когорттық зерттеулердің толық нұсқалары, мақалалар, есептер, диссертациялар. Ерекшелік критерийлері: басқа тақырыпты сипаттайтын авторефераттар, мақалалар, ғылыми жарияланымдар, баяндамалардың қысқаша мазмұны.

Зерттеу нәтижелері. Статистикалық деректерді талдау нәтижелері, шұғыл түрде ауруханаға жатқызылғандардың құрылымында хирургиялық бейіндегі науқастардың үлесі 30%-ды құрайды, ал оның ішінде іш қуысы мүшелерінің жіті аурулары бар науқастардың саны басым. Пациенттердің осы контингентінің жағдайының ауырлығы, кеш ауруханаға жатқызу, отадан кейінгі өлім-жітімнің жоғары деңгейі ғалымдардың шұғыл хирургиялық көмекті ұйымдастыру мәселелеріне қызығушылығын тудырады (Архипов В.В., 2003; Шайн М., 2003; Чернядьев С. А., 2008).

Экономикалық қайта құрулар мен халықтың денсаулық жағдайының нашарлауының күрделі жағдайларында хирургиялық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру және оның сапасын арттыру Қазақстан Республикасының (ҚР) Денсаулық сақтау жүйесін реформалауда жетекші орын алады [1,2]. Хирургиялық сырқаттанушылықтың динамикасы мен деңгейінде теріс өзгерістер байқалады, бұл елдегі әртүрлі экономикалық өзгерістердің салдары болды, атап айтқанда денсаулық сақтаудың жеке секторының ұлғаюы, емдеу-алдын алу мекемелерінің санының азаюы, білікті кадрлардың болмауы және тапшылығы, әсіресе ауылдық және шалғай өңірлерде медициналық мамандар және тиісті медициналық жабдықтаудың болмауына байланысты кедергілер орын алды. Мұның бәрі халықтың хирургиялық көмекке қол жетімділігін төмендетті [3,4].

Жекелеген зерттеушілердің материалдары бойынша, еліміздің ірі қаласында хирургиялық сырқаттанушылық жоғары болып табылады және 1 мың тұрғынға 163,9 құрайды; ерлер арасында - 150,9%., әйелдер арасында - 177,6%. Ерлер мен әйелдер арасындағы ең жоғары деңгей 50 жастан асқан адамдарға тиесілі. Ең көп таралғандары жұмсақ тіндердің ірінді аурулары - 49,9% , тірек-қимыл аппаратының аурулары - 45,2%, іш қуысы мүшелерінің хирургиялық аурулары - 36,9%, перифериялық қан тамырларының аурулары - 15,0%, жұмсақ тіндердің қатерсіз өсінділері - 9,4% [5,6].

Денсаулық сақтаудың нарықтық жағдайларға көшуі хирургиялық бейіндегі науқастармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру мен емдеудің жаңа жоғары тиімді және арзан әдістерін негіздеуді және енгізуді талап етеді. Сонымен қатар, егер хирургиялық қызметті қаржыландыру емделген әрбір науқасқа байланысты болса, онда диспансерлеудің рөлі бірнеше есе артады, бұл ауруханаға жатқызудың жоспарлы түрін ұлғайтуға және шұғыл түрін азайтуға, хирургиялық науқастарды емдеу нәтижелерін жақсартуға, мүгедектікті, өлімді азайтуға және материалдық шығындарды едәуір азайтуға

мүмкіндік береді [7,8]. Еуропаның көптеген елдерінде, АҚШ-та, сондай-ақ Ресей Федерациясында бір күндік хирургиялық стационарларда медициналық көмек көрсету принципі кең таралған. Бұл мекемелерде айтарлықтай күрделі хирургиялық араласулар жасалады. «Бір күндік хирургия» бөлімшелеріндегі медициналық көмектің көлемі мен сапасының амбулаторлық хирургиялық көмектен негізгі айырмашылықтары қауіпсіздік кепілдігінің жоғары болуы болып табылады [9,10].

Тәулік бойы стационарда емдеуді қажет етпейтін қарапайым хирургиялық оталар сияқты көмек түрін қайта қарастыру және оларды емханалық жағдайда жүргізу қажеттілігі туындады. Осыған байланысты қазіргі заманғы стационар үнемдеу технологияларын енгізу мен дамытудың өзектілігі, амбулаторлық-емханалық жағдайларда аз инвазивті әдістерді қолдану артып келеді. Көптеген зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, жартылай стационарлық жағдайда хирургиялық науқастарды емдеу тәулік бойғы стационарға жүктеменің төмендеуіне, ауруханада болу уақытының қысқаруына және консервативті және хирургиялық емдеу нәтижелерінің жақсаруына септігін тигізеді, сонымен бірге бұның әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан да тиімділігі айқын [11,12].

Қорытынды. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласында болып жатқан өзгерістер бүкіл жүйеге, оның ішінде хирургиялық қызметке де әсер етті. Қазіргі уақытта ҚР-да қалыптасқан қызмет құрылымы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоспарлы және шұғыл түрде, жоғары білікті мамандандырылған хирургиялық көмекпен қамтамасыз етуді қамтиды. Сонымен қатар, іш қуысы органдарының ауруларымен шұғыл түрде түсетін науқастардың саны азаймайтынын атап өткен жөн, бұл аудандық буыннан бастап іш қуысы органдарының хирургиялық патологиясы бар науқастарды анықтау және диспансерлеу бойынша жұмысты одан әрі оңтайландыру қажеттігін көрсетеді. Өңірлерде жоспарлы түрде іш қуысы мүшелеріне арналған отаны жүзеге асыру, негізінен көрсетілетін көмек сапасының жақсаруымен сипатталады, бұл асқазан жарасы мен 12 елі ішектің ойық жарасы (2,7%), созылмалы калькулезді холецистит (1,0%), іштің басылмайтын грыжалары (0,4%) кезіндегі оталардан кейінгі асқынулардың пайызының төмендеуімен көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аканов А.А., Тулебаев К.А, Токмурзиева Г.Ж. Новые стратегические подходы охраны здоровья населения в Республике Казахстан // Актуальные вопросы формирования здорового образа жизни, профилактики заболеваний и укрепления здоровья. – Алматы: 2003. - № 1. - С. 58-61.

2. Кульжанов М.К., Абильдинова Н.А. Сравнительный анализ фактического уровня технического оснащения станции скорой медицинской помощи и его соответствия минимальным стандартам // Батые Кдзакстан медицина журналы Западного Казахстана. – Актөбе: 2009. - №3. - С. 32-34.

3. Бисюк Ю.В. Некоторые правовые аспекты оказания экстренной медицинской помощи в многопрофильном стационаре // Скорая медицинская помощь: реальность и перспективы. Сборник научно-практических работ. – Воронеж: 2006. - С. 28-30.

4. Мовчан К.Н., Борисов А.Е., Коваленко А.А., Гриненко О.А., Берников О.Г., Яковенко Д.В., Морозов Ю.М., Мегила А.И., Коваль В.В., Прохоренко А.В., Ботя В.Г. Возможности улучшения результатов оказания медицинской помощи на догоспитальном этапе при «остром животе» у жителей сельской местности // Материалы Первого Всероссийского съезда врачей скорой медицинской помощи. - М.: 2005. - С. 55-57.

5. Слесарев В.Г., Казбагаров Р.К. Некоторые проблемы службы экстренной медицинской помощи Республики Казахстан // Матер, научно - практ. конф. «Совершенствование службы скорой и неотложной медицинской помощи в Республике Казахстан». – Алматы: 2004. - С. 216-218.

6. Молдалиев И.С. Организационно-управленческие аспекты хирургической службы в Республике Казахстан // Известия ВУЗов. –Бишкек: 2004. - №7. - С. 27-28.

7. Ямлиханов Г.Т. Оценка мнения пациентов о качестве медицинской помощи в многопрофильном стационаре // Актуальные проблемы управления здоровьем населения: Сборник научных трудов. - Н-Новгород: 2009. - Вып. 2. - С. 377-380.

8. Андреев А.Ю. Эффективность эксплуатации ресурсной базы хирургической службы и пути ее совершенствования: автореф. дис.... канд. мед. Наук – М., 2000. - 27 с.

9. Ахмеров Ф.Р. Проблемы управления при организации оказания экстренной медицинской помощи пораженным вследствие дорожно- транспортных катастроф // Актуальные вопросы медицины катастроф. - 2000. - С. 21-24.

10. Сахаутдинов В.Г., Шенбергер И.Л., Аюханов М.В. Организация экстренной хирургической помощи больным с заболеваниями прямой кишки. Монография депонирована во ВНИИМИ.- М.: 1985. – 364 с.

11. Альменов С.Т. Организация стационарозамещающей технологии и оценка ее эффективности // Центральнo-Азиатский научнопрактический журнал по общественному здравоохранению. – Алматы: 2008. - №2. - С.26-28.

12. Бисюк Ю.В. Ненадлежащее оказание экстренной медицинской помощи в абдоминальной хирургии // Медицинское право. –2007. - №1. - С. 10-14.

ХИРУРГИЯЛЫҚ БЕЙІНДЕГІ НАУҚАСТАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Стамбек Ұ.М.¹, Абикулова А.К.².

¹ «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университетінің магистранты, Қазақстан,
Алматы қ.

² «С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ,
Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Біз бұл тезисте халыққа хирургиялық көмекті жақсарту мәселелерін зерттеуге, қымбат төсек қорын ұтымды пайдалануды, хирургиялық науқастарға қызмет көрсету мен емдеуді ұйымдастырудың жоғары тиімді және аз инвазивті әдістерін енгізу арқылы емдеу-диагностикалық процесті күшейтуді, диспансерлеуді және хирургиялық көмектің мамандандырылған түрлерін одан әрі дамытуды, ауруханаға дейінгі кезеңді ұйымдастыруды жетілдіру басымдықтарын зерттеуге арналған жұмыстарды зерделедік.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ақпаратты іздеу интернет желісінде, PubMed, Google Scholar, Scopus дерекқорында, Қазақстан, ТМД, Ресей Федерациясы және шетел әдебиетінің деректеріне хирургиялық бейіндегі науқастарға медициналық көмекті ұйымдастыруға қатысты тақырыптар мен тиісті кілт сөздер бойынша жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері. Экономикалық өзгерістер мен халық денсаулығының нашарлауы жағдайында хирургиялық көмекті ұйымдастыруды оңтайландыру және оның сапасын арттыру саясаты әдетте денсаулық сақтау жүйесін реформалауға байланысты жүзеге асырылады [1,2]. Бүгінде елімізде халыққа хирургиялық көмекті ұйымдастыру жүйесі медициналық кадрлармен жеткіліксіз жабдықталуына, хирургиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қолданыстағы талаптарға толық сәйкес келмеуіне, заманауи диагностикалық және емдік жабдықтармен жеткіліксіз жабдықталуына, географиялық орналасуына және аумақтың кеңдігіне байланысты елдің көптеген аймақтарының көліктік қол жетімділігінің төмендігіне, хирургтарды даярлау жүйесін реформалауға байланысты кедергілерге тап болады. Соңғы 20 жыл ішінде қол жетімді жаңа хирургиялық технологиялардың дамуы, сондай-ақ хирург-дәрігерлерді даярлау және жұмысқа орналастыру жүйесіндегі оңтайлы өзгерістер ең алдымен ірі медициналық

ұйымдарда ғана қолжетімді болуының нәтижесі елдегі хирургиялық көмек көрсету дәрежесі бірнеше сапалық деңгейге бөлінді [3,4].

Қуаты аз қалалық және аудандық ауруханалар халыққа медициналық көмектің мамандандырылған түрлерін көрсетуді қазіргі заманғы талаптар деңгейінде қамтамасыз ете алмауда. Осы үрдістің нәтижесінде шағын қалалардың, ауылдық және шалғайдағы елді мекендердің тұрғындары үшін мамандандырылған көмектің қолжетімділігі төмендеді. Кадрлар мен жабдықтар тапшылығы бар аудандық ауруханалар хирургиялық профильдегі пациенттердің ағынына жеткілікті деңгейде меңгере алмай, емдік немесе амбулаторлық емделушілерге де стационарлық ем жүргізуге мәжбүр [5,6]. Елдегі ауыл тұрғындарының үлесі 25% құрайды, алайда кейбір өңірлерде жоғарыда аталған себептерге байланысты, аудандық ауруханалар деңгейінде стационарлық хирургиялық көмекке мұқтаж науқастардың жалпы санының тек 6%-на ғана көрсетіледі. Медициналық ұйымдардың құрамдас бөлігі болып табылатын кадрлық қамтамасыз ету және тиісті жабдықталу деңгейінің төмен болуының салдарынан бұрын аудандық ауруханаларда хирургиялық көмек алған пациенттердің едәуір ағымы аймақтық орталықтарға жолданады. Бұл бірқатар хирургиялық аурулар бойынша облыстық (өңірлік республикалық, округтік) және қалалық жерлердегі медициналық ұйымдарға жоспарлы хирургиялық емдеу кезегінің ұлғаюына әкеледі. Бұл ретте, ірі медициналық ұйымдардың хирургиялық бөлімшелері жоғары технологиялық медициналық көмекті неғұрлым белсенді дамытудың орнына әдеттегі хирургиялық араласулардың үлкен көлемін орындауға мәжбүр.

Қорытынды. Қазіргі таңда ҚР денсаулық сақтау саясаты дәрігер-мамандардың, қажетті аппаратуралар мен жабдықтардың қажетті саны тапшы болып табылатын Қазақстанның аумақтық құрылымдарында, халықтың тығыздығы төмен қалалар мен аудандарда емхана мен күндізгі стационар деңгейінде бірінші деңгейдегі хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыруды оңтайландыруды алға қояды. Сондықтан біздің зерттеуіміздің мақсаты-орталық аудандық аурухананың хирургиялық бөлімшелерінің қызметін кешенді талдау және оны жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Негізгі проблемаларды зерттеуді жалғастыру және қоғамдағы әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге барабар хирургиялық қызметті дамыту бағдарламаларын іске асыру медициналық көмектің уақтылығын, сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде резервтерді айқындай отырып, білікті медициналық көмектің теңгерімді ұйымдық-функционалдық құрылымын қалыптастырудың маңызды элементін құрайды

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Зиновьев Е.В., Мовчан К.Н., Гриненко О.А., Чичков О.В., Сидельников В.О., Высоцкий С.А. Возможные пути улучшения результатов хирургического лечения пострадавших с обширными глубокими ожогами // Сборник научных трудов I съезда камбустиологов России (17-21 октября 2005г.).- М.-2005.-С.165-167.

2. Колосков В.В., Мовчан К.Н., Гриненко О.А. Организационные пути улучшения результатов медицинской помощи населению провинции, нуждающемуся в оказании высокотехнологичных (дорогостоящих) видов хирургического лечения. // Вестн. воен.-мед. акад. – 2005, №1(3). – Прил.: Материалы VII Всеросс. научн.-практ. конф. “Актуальные вопросы клиники, диагностики и лечения больных в многопрофильном лечебном учреждении”. – СПб., 2005. – С. 14-15.

3. Кульжанов М.К., Исаев Д.С., Абильдинова Н.А. Новый методологический аппарат исследования в области управления качеством медицинской помощи // Медицина и экология. - Караганда, 2009. - № 3. - С. 120-121.

4. Гриненко О.А. Организационные возможности улучшения результатов оказания высокотехнологической хирургической помощи населению, проживающему вне региональных административных центров // Проблемы стандартизации здравоохранения. – 2008. - № 6. – С.3-14.

5. Муравьев К. А. Научное обоснование и разработка механизма организации экстренной медицинской помощи больным хирургического профиля на региональном уровне: Автореф. дис. ... д-р.мед.наук – М., 2012. - 38 с

6. Ковалев М. В. Организация экстренной хирургической оториноларингологической помощи взрослому населению в условиях модернизации здравоохранения Автореф. дис. кандидата мед.наук – Санкт-Петербург, 2018.

ORGANIZATION OF UROLOGICAL CARE TO THE POPULATION IN A HOSPITAL CONDITION (LITERATURE REVIEW)

Tolegenov E., Zikriyarova S.

Kazakhstan Medical University “KSPH”, Almaty, Kazakhstan

Introduction. Today, in the development of urological services, there is the introduction of modern methods of treating and diagnosing patients, but the morbidity rate of the population remains at a high level. In the city of Almaty, the incidence of diseases of the genitourinary and reproductive system exceeds the republican figure by more than 1.3 times [1]. In the current situation, an increase in the level of morbidity of the genitourinary system, especially diseases of the male genital organs, requires improved organization of urological care for this group of patients. Along with the increase in cases of diseases, the structure of morbidity is also changing, among which there is an increase in cancer and male infertility, especially in older people. It is necessary to develop methods and approaches aimed at preventing urological diseases, reducing their prevalence, as well as optimizing urological services.

For timely detection of diseases of the genitourinary system and assessment of their dynamics, improvement of the process of recording urological diseases is required. The existing classification of MPS diseases (ICD-10) does not fully reflect the real situation and does not take into account the characteristics of the pathology, therefore it is necessary to develop indicators that will allow assessing the urological care provided.

Materials and research methods: We made an analytical review of 10 years of open access articles from the latest Google Scholar, Scopus, Web of Science, PubMed, E-library scientific databases. Publications included in the literature review were full-text articles in Russian and English.

Результаты исследования: Urological procedures performed on older adults are commonplace in the hospital environment. The operations performed are aimed at treating or helping with diseases of the prostate gland, malignant neoplasms of the genitourinary system, sexual dysfunction and stone disease. These procedures include robotic prostatectomy, radical prostatectomy, bladder tumor removal, penile implantation, percutaneous nephrolithotripsy, and laparoscopic kidney stone removal [1-2]. The average length of stay for these procedures is 4.9 days (Floyd, Doodnath, McGrath, & Cunningham, 2008). Complications of urologic surgery may include urinary tract infection, bleeding, urinary incontinence, surgical site infection, deep vein thrombosis, and death. These complications account for less than five percent of urologic cases performed in combination. (Floyd et al., 2008). Sammon et al. (2014) examined overall mortality rates and failure to salvage mortality rates by analyzing 7.7 million surgeries during 1998 and 2010 using a nationwide inpatient sample database. Sammon et al. (2014) found a 1.5% increase in mortality each year from complications not identified before hospital discharge. Sammon et al emphasized that urologic surgeons and ancillary staff must be aware of early signs of complications to influence mortality rates, especially in older adults with other chronic diseases. As health care budget constraints tighten, so does the amount of time a patient remains in the hospital after surgery. When discharged within 24 hours of surgery, the fear of leaving the

emergency department at home, as well as death, increases in the predominantly elderly population (Weiss, Yakusheva, & Bobay, 2011).

According to a number of authors [3-4], the discrepancy between the clinical diagnoses in this case and the existing ICD-10 codes in urology is relevant. As the authors noted, it is necessary to develop a new unified coded classification of urological diseases.

In the healthcare system, and especially among medical organizations, the inpatient sector occupies a special place. Due to the fact that hospital care is characterized as a costly sector, despite this, the population receives highly specialized medical care around the clock.

In our republic, 1,392 beds are located in inpatient organizations providing urological care, with a population provision of 0.8 per 100 thousand population (the standard requirement is 3.2). It was revealed that, in the conditions of the hospital in South Kazakhstan, East Kazakhstan and in Almaty, the majority of urological patients were treated.

When analyzing [5-6] the literature, it was revealed that the length of stay of urological patients in beds in the republic is 9.4 days, which is 1.05 below the standard indicator. This indicator also varies significantly by region.

Conclusions: According to the literature, it is necessary to sufficiently provide urological beds and develop and implement minimally invasive technologies, since due to a lack of beds, patients have to be hospitalized in other departments, in particular in surgical and therapeutic departments.

List of used literature:

1. Why New York is the epicenter of the American coronavirus outbreak. CNN. 2020 Mar. URL:<https://www.cnn.com/2020/03/26/us/new-york-coronavirus-explainer/index.html>[accessed 2020-05-10]

2. Johns Hopkins Coronavirus Resource Center. COVID-19 United States Cases by County. URL: <https://coronavirus.jhu.edu/us-map>[accessed 2020-05-09]

3. Hollander JE, Carr BG. Virtually Perfect? Telemedicine for Covid-19. N Engl J Med 2020 Apr 30;382(18):1679-1681.[doi: 10.1056/NEJMp2003539] [Medline: 32160451]4. Telehealth Parity Laws. Health Affairs. URL: <https://www.healthaffairs.org/doi/10.1377/hpb20160815.244795/full/>[accessed 2020-05-07]

4. Ф.А. Акилов, Ш.Т. Мухтаров, Ш.И. Гиясов, Ф.Р. Насыров, Д.Х. Мирхамидов // Частота, характер и причины интраоперационных осложнений при эндоскопическом способе лечения нефролитиаза. Республиканский научно-практический журнал. Казакстанның урология және нефрологиясы №2 (3) 2012. Алматы. – С.7;

5. Ling Y, Xu SB, lin YX, Tian D, Zhu ZQ, Dai fH, et al.Persistence and clearance of viral rNa in 2019 novel corona-virus disease rehabilitation patients. chin Med J (engl) 2020. [epub ahead of print]

6. Xie c, Jiang l, Huang g, Pu H, gong B, lin H, et al.comparison of different samples for 2019 novel coronavirus detection by nucleic acid amplification tests. Int J Infect Dis 2020;93:264–7.

ХАЛЫҚҚА ЭНДОСКОПИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Токен Ш. ¹, Кожжекенова Ж.А.²

¹ «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университетінің магистранты, Қазақстан, Алматы қ.

² «С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ, Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Денсаулық сақтау практикасына диагностикалық, емдік және жедел эндоскопиялық араласуларды кеңінен енгізу - халыққа жоғары білікті медициналық көмек көрсетуде жаңа көкжиектер ашты және эндоскопиялық манипуляциялардың қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жетілдірудің негізделген талаптарын ұсынды. Диагностикалаудың бұл әдісі клиникалық медицинаның көптеген салаларында жетекші әдістердің бірі бола отырып, іс-жүзінде қолданылады. Жекелеген қызметтердің жұмысын жоспарлау бағыттарын әзірлеу қазіргі жағдайда саланың жұмыс істеуінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Тезисте халыққа эндоскопиялық көмек көрсетудің маңызды аспектілері бойынша PubMed, Google Scholar және т.б. деректер базаларында индекстелген шетелдік және отандық ғылыми зерттеулердің нәтижелері жиналды және талданды.

Зерттеу нәтижелері. Халыққа медициналық көмек көрсету жүйесінде диагностикалау үрдісіне маңызды рөл беріледі, өйткені диагноз қоюдың дұрыстығы және пациентті емдеу тактикасын таңдау диагностикалау әдісінің дәлдігіне байланысты. Диагностикалық әдістерді таңдау көптеген факторлармен, ең алдымен патологияның сипатымен, медициналық мекеменің мүмкіндіктерімен және түрімен анықталады. Аспаптық әдістердің үлкен тізімінен Эндоскопиялық диагностика үлкен басымдықтарымен ерекшеленеді. Эндоскопиялық әдістің жоғары ақпараттылығы мен сенімділігінің арқасында көптеген аурулар мен зақымдарды диагностикалау сапасы жаңа деңгейге көтерілді.

Соңғы 20 жыл ішінде эндоскопия тек сандық жағынан ғана емес, сапалық тұрғыдан да революциялық өзгерістерге ұшырады [1]. Заманауи сандық бейне эндоскоп кешендері әртүрлі масштабтау және түс гаммасы бар жоғары дәлдіктегі кескіндерді көруді қамтамасыз етеді. Эндоскопиялық микроскопия жасауға да мүмкіндік туды. Эндоскопиялық хирургия медицинаның барлық дерлік салаларын қамтиды. Бірақ біздің елде эндоскопияның дамуын тікелей немесе жанама түрде тежейтін көптеген шешілмеген мәселелер әлі де бар [2].

Қызметті ұйымдастырудағы белгілі бір қиындықтар қажетті нормативтік базаның, құрылым мен штат кестесін оңтайландыру бойынша ұсыныстардың, әртүрлі қуаттылықтағы эндоскопия бөлімшелеріндегі зерттеу номенклатурасының болмауына байланысты туындайды. Эндоскопиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыру медициналық мекеме шешетін жалпы міндеттермен тығыз байланысты болуы керек. Мәселен, экономикалық мақсаттылық талаптары көмек көрсетудің ең жоғары үлесін амбулаторлық деңгейде көрсетуге бағытталған. Сондықтан, мысалы, ауруханаға жатқызылатын науқастарды тексеру үрдісі мүмкіндігінше ауруханаға дейінгі кезеңде жүргізілуі керек [3,4]. Пациенттер үшін құпиялылық пен өзін-өзі бағалауды қамтамасыз ететін қолайлы жағдайды қалыптастыру жеке меншік медициналық ұйымдар үшін де және мемлекеттік ауруханалар үшін де міндетті болып табылады. Белгілі бір эндоскопиялық әдістердің дамуы көбінесе мекеменің ерекшелігімен анықталады (науқастардың контингенттері, стационардың төсек қорының құрылымы, оның арнайы мамандануының негізгі бағыттары және т.б.). Сонымен қатар, эндоскопист дәрігерлер көптеген жағдайларда дәрігерлерге диагностикалық зерттеулердің ең қолайлы түрлерін ұсынып қана қоймай, емдеу-диагностикалық процедураларды немесе оталарды орындауға қатысу арқылы емдеу процесін өздері жүргізе алады. Персоналдың жеке және кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыратын қолайлы жағдайлар оңтайлы тиімділік пен өнімділікті қамтамасыз етудің ажырамас талабы болып табылады [5,6].

Қорытынды. Эндоскопия қызметін ұйымдастыруда кемшіліктер мен шешілмеген мәселелер әлі де бар. Бүгінде эндоскопиялық зерттеулердің мүмкіндіктері қолданыстағы бөлімшелердің жұмысын тиімсіз ұйымдастыруға, медициналық персоналдың жұмысын басқару мен ұйымдастырудың жаңа нысандарын тәжірибеге баяу енгізуге, эндоскопиямен айналысатын мамандарды басқа мамандандырылған қызметтер арасында бүркуге, жоғары

тиімді эндоскопиялық диагностикалық және емдік бағдарламалардың, алгоритмдердің болмауына байланысты жеткіліксіз пайдаланылады. Кейбір жағдайларда қымбат эндоскопиялық жабдық мамандардың нашар дайындығына, әсіресе хирургиялық эндоскопияға, басқа мамандықтардың дәрігерлерімен жұмыс жасауда тиісті сабақтастықтың болмауына байланысты өте ұтымсыз қолданылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Балалыкин А.С., Муцуоров Х.С., Гвоздик В.В., Вербовский А.Н. История и клиническое значение внутрипросветной эндоскопии пищеварительного тракта // Российский медицинский журнал. – 2016. – Т.22, № 1. – С. 52-56.

2. Люцко В.В., Загретдинова З.М. Анализ нормативной базы, регламентирующей деятельность врача-эндоскописта // Современные проблемы здравоохранения и медицинской статистики. – 2016. – № 2. – С.30-40.

3. Мыглан В.В. К вопросу о состоянии эндоскопии в Российской Федерации и предложения в сфере импортозамещения технологий // Экспертный союз. – 2015. – Спецвыпуск № 3. – С.36-37.

4. Скворцов М.Б., Брегель А.И., Трухан Р.Г. Эндоскопическая служба в Иркутске: развитие, проблемы и перспективы // Сибирский медицинский журнал. – 2004. – Т.45. – № 4. – С. 97-103.

5. Субботин А.М. Нерешенные проблемы соблюдения эпидемиологической безопасности при обработке гибких эндоскопов. Взгляд с позиции эндоскописта // Журнал «Главная медицинская сестра». – 2014. – № 5. – С.69-76 .

6. Яковлева З.А., Кларов А.П., Савина Н.В. Проблемы совершенствования организации эндоскопической службы в Республике Саха (Якутия) // Сборник научных трудов V Конгресса «Экология и здоровье человека на Севере». – 2014. – С.815-821.

ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНА ДЕҢГЕЙІНДЕ БАЛАЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Шегебаева А.К.

«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті Алматы қ., Қазақстан

Кіріспе. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) - медициналық көмек көрсету жүйесінің негізі болып табылатын және аурулар мен жай-күйлердің алдын алу, диагностикалау, емдеу, медициналық оңалту, жүктіліктің барысын бақылау, салауатты өмір салтын қалыптастыру және халықты санитариялық-гигиеналық ағарту жөніндегі іс-шараларды қамтитын денсаулық сақтаудың маңызды буыны. МСАК-тың профилактикалық бағыты халықтың, ересектердің де, балалардың да денсаулық жағдайының жалпы деңгейін, қажетті көмек көлемін, оның ішінде ең қымбат, стационарлық көмекті анықтайды [1]. Педиатриялық көмек медицинаның маңызды салаларының бірі болып табылады, өйткені балалардың денсаулығы қоғамның болашағының кепілі болып табылады. Педиатриялық көмекті ұйымдастыру балалардың денсаулығы мен дамуын қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады. Бұл мақалада біз Қазақстанда және шетелде емхана жағдайында педиатриялық көмекті ұйымдастыруды қарастырамыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Емхана жағдайында педиатриялық көмекті ұйымдастыру бойынша зерттеу жүргізу үшін медициналық журналдардың, ғылыми мақалалардың деректері пайдаланылды.

Нәтижелер. Педиатриялық көмекті ұйымдастырудың маңызды аспектісі балаларға кешенді медициналық қызмет көрсету болып табылады [2]. Емханаларда педиатриялық

көмекті ұйымдастыру бірқатар проблемаларға ие: қаржыландырудың жеткіліксіздігі және қызметкерлердің шамадан тыс жүктелуі, бұл балаларға медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасына әсер етеді, медициналық мекемелердің жеткіліксіз жарактандырылуы, заманауи жабдықтар мен дәрілік заттардың болмауы, білікті мамандардың жетіспеушілігі, мамандандырылған бейінді педиатрлар мен медициналық персоналдың жетіспеушілігі.

Емханаларда педиатрларды, невропатологтарды, эндокринологтарды және басқа да мамандарды қоса алғанда, көптеген мамандар жұмыс істейді, бұл аурулардың кең ауқымын уақтылы анықтауға және емдеуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері Қазақстан мен шетелдегі емханаларда педиатриялық көмекті ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар екенін көрсетеді. Қазақстанда педиатриялық көмек жүйесі мемлекеттік медицина қағидаттарына негізделген және 18 жасқа дейінгі барлық балаларға тегін және сапалы медициналық көмек көрсетуді қамтиды [3]. АҚШ немесе Германия сияқты басқа елдерде педиатриялық көмек жүйесі басқаша ұйымдастырылуы мүмкін және оған мемлекеттік және жеке емханалар кіреді. АҚШ-та әртүрлі аурулары бар балаларға жоғары сапалы медициналық көмек көрсететін мамандандырылған балалар ауруханалары бар. Мұндай ауруханалар заманауи жабдықтармен жабдықталған және жедел емдеу, оңалту және мамандарға кеңес беруді қоса алғанда, қызметтердің кең спектрін ұсынады [4]. Германияда педиатриялық көмек жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Елде балаларға медициналық көмек көрсетудің барлық шығындарын жабатын міндетті медициналық сақтандыру жүйесі бар. Бұл отбасының әлеуметтік мәртебесі мен материалдық жағдайына қарамастан барлық балаларға медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жапонияда педиатриялық көмектің дамыған жүйесі де бар. Елде балаларға арналған жоғары сапалы медициналық қызметтерді ұсынатын балалар клиникалары кең таралған. Жапондық клиникаларда тәжірибелі педиатрлар жұмыс істейді, олар үнемі біліктілігін арттырып, балаларды емдеудің жаңа тенденцияларын бақылайды [5].

Емханада педиатриялық көмекті ұйымдастырудың негізгі аспектілерінің бірі медицина қызметкерлерінің біліктілігі болып табылады. Зерттеу көрсеткендей, педиатриялық бөлімшелерде жұмыс істейтін дәрігерлер мен медбикелер мамандандырылған білімге ие болуы керек және олардың білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруы керек. Сондай-ақ балалардағы ауруларды тиімді емдеу мен алдын алуды қамтамасыз ету үшін емханаларды заманауи жабдықтармен және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету маңызды. Осылайша, дамыған елдердегі емхана жағдайында педиатриялық көмекті ұйымдастыру дамудың жоғары деңгейіне және балаларға қолжетімділікке ие. Дәрігерлер заманауи емдеу және диагностикалық әдістерді қолдана отырып, әр пациентке сапалы және жеке қызмет көрсетуге тырысады.

Қорытынды. Емхана жағдайында педиатриялық көмекті ұйымдастыру - бұл білікті медициналық персоналды, заманауи жабдықты және тиімді басқару жүйесін қажет ететін күрделі және көп сатылы процесс. Халықаралық тәжірибе мен педиатрия саласындағы үздік тәжірибелерді ескере отырып, бұл жүйені үнемі жетілдіріп отыру маңызды. Педиатриялық көмек болашақ ұрпақтың денсаулығының кепілі болып табылады, сондықтан ол барлық балалар үшін қолжетімді және сапалы болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сабанов В.И., Дьяченко Т.С., Попова Е.Г. Организационные основы первичной медико-санитарной помощи взрослому и детскому населению. Учебное пособие. Волгоград: ВолгГМУ; 2014.

2. World Health Organization. Primary health care approaches for children in the context of the Sustainable Development Goals. Geneva: World Health Organization; 2018.

3. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі.

4. American Academy of Pediatrics. (2019). Guidelines for pediatric care. Elk Grove Village, IL: AAP Publishing.

5. United Nations Children's Fund. (2015). Health and rights of children: global statistics. New York, NY: UNICEF.

ҚОЛҚА-КОРОНАРЛЫҚ ШУНТТАУ ОПЕРАЦИЯСЫ ЖАСАЛҒАН НАУҚАСТАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Рахметкулова Э.Б.¹, Аимбетова Г.Е.¹, Кибатолдинов Е.Н.²

¹*«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті, Алматы қ., Қазақстан*

²*«Семей медицина университеті» КЕАҚ, Семей қ., Қазақстан*

Кіріспе. Зерттеліп отырған мәселенің өзектілігі жүрек-қан тамырлары аурулары әлемде де, бірқатар елдерде де, соның ішінде Қазақстан мен Ресейде де өлім-жітімнің басты себебі болып қалуымен ерекшеленеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) мәліметтері бойынша, 2022 жылы 17,3 миллион адам жүрек-қан тамырлары ауруларының салдарынан қайтыс болды, бұл бүкіл әлемдегі өлімнің 30% құрайды [1]. Болжамдар сонымен қатар бұл аурулар алдағы онжылдықтарда өлімнің негізгі себептері болып қала беретінін көрсетеді. Жүрек-қан тамырлары аурулары халықтың денсаулығына ғана емес, экономика саласына да айтарлықтай әсер ететінін айта кеткен жөн. Олар медициналық көмекке, науқастарды емдеуге және оңалтуға айтарлықтай шығындарды талап етеді, бұл денсаулық сақтау жүйесіне қосымша қысым жасайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Google Scholar, Scopus, Web of Science, PubMed, E-library ғылыми дерекқорларынан 5 жылдағы ашық қолжетімді мақаларға аналитикалық шолу жасадық. Әдебиеттерді шолуға енгізілген басылымдар орыс және ағылшын тілдеріндегі толық мәтінді мақалалар болды.

Зерттеу нәтижелері.

Коронарлық артерияны шунттау (CABG) - көп тамырлы коронарлық артерия ауруы және сол жақ қарыншаның дисфункциясы бар науқастар үшін белгіленген терапевтік стратегия. Сол жақ қарыншаның дисфункциясы бар науқастарда коронарлық артерияны айналып өтудің ұзақ мерзімді нәтижесі [1].

Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) денсаулық сақтаудың басты проблемасы болып табылады және 2020 жылға қарай өлімнің басты себебі болады деп болжануда. Жұқпалы емес аурулардың алдын алу және бақылау: Жаһандық стратегияны жүзеге асыру.

Коронарлық артерияларды шунттау (CABG) 50 жылдан астам уақыт бұрын енгізілгеннен бері коронарлық артерия ауруын емдеудің негізгі бағыты болды, тек Америка Құрама Штаттарында жыл сайын шамамен 400 000 процедура орындалады. Ауруларды бақылау және алдын алу орталықтары: стационарлық хирургия. 2015 жылғы 23 шілдеде қол жеткізілді Аз инвазивті тері арқылы коронарлық араласуды қолданудың артуы соңғы онжылдықта [2-3] КАБГ-ны біртіндеп ауыстырғанымен, CABG көп тамырлы ауруы бар науқастар үшін ең жақсы нұсқа болып қала береді.

Өлімге қосымша, CABG хирургиясы басқа қысқа және ұзақ мерзімді тәуекелдермен, соның ішінде инсультпен байланысты. Өкінішке орай, бұл құбылыс пациенттердің күнделікті өміріне айтарлықтай әсер етеді, бұл туралы туыстары мен пациенттердің өздері хабарлады. Күнделікті өмірдегі операциядан кейінгі когнитивті құлдыраудың өзектілігі: 1 жылдық бақылау нәтижелері. J кардиоторакальды қан тамырлары анестезиясы. Жақында когнитивті құлдырау хирургиямен қаншалықты байланысты болуы мүмкін екендігі туралы пікірталастар болды [4]. Ұзақ мерзімді когнитивтік нәтижелерді CABG-ге жатқызу

қиын болғанымен, коронарлық артерия ауруын басқару стратегиялары 6 жылдық когнитивті нәтижелерге әсері оның қысқа мерзімді салдары жақсы құжатталған.

Бүгінгі таңда коронарлық артерия ауруынан болатын өлім-жітім деңгейі ішінара коронарлық артерия терапиясының жетістіктеріне байланысты анық төмендеді. артериалды шунттау (CABG) және тері арқылы коронарлық араласу (PCI) әдістері.

Симптомдарды емдеу және пациенттің өмір сүру ұзақтығын арттыру, әсіресе көп тамырлы стенозда және сол жақ негізгі коронарлық артерия (LMCA) стенозында, CABG хирургиясының жалпы нәтижелері болып табылады.

Өмір сүру деңгейінің өсуіне байланысты бүгінде медициналық орталықтар кардиологиялық оқиғалардан кейінгі асқынулардың таралуын азайтуға көбірек көңіл бөлуде. Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) әлемдегі мүгедектіктің негізгі себептерінің бірі болып табылады. Соңғы жылдардағы денсаулық сақтау саласындағы жетістік – пациенттердің өз жағдайына деген көзқарасы қазір клиникалық тәжірибеде дәрігерлердің көзқарасы сияқты жарамды болып саналады. Депрессия - коронарлық артерияны айналып өту операциясына дейін де, одан кейін де жиі кездесетін жағдай. Операциядан кейін ол өте ұзақ уақыт сақталуы мүмкін және процедураның өзі оларды CABG алдында дамыған адамдарда депрессиялық белгілерді жеңілдететін фактор емес. Талдау нәтижелері пациенттің психикалық жағдайын, жынысын, жасын және метаболикалық өзгерістерді ескере отырып, CABG кейін депрессияға әсіресе бейім популяцияны анықтауға болатынын көрсетеді [5-6]. Жеке факторлар операцияға дейін немесе одан кейін бағаланатынына байланысты әртүрлі болжамдық мәнге ие. Аффективті бұзылулардың даму қаупінің жоғарылауы туралы жеткілікті ерте хабардар болу депрессиялық белгілердің жоғарылауын болдырмау үшін нақты шараларды қабылдауға мүмкіндік береді. CABG кейінгі депрессияның салдары мыналарды қамтиды: жүрек реабилитациясының нашар нәтижелері, атеросклеротикалық процестердің күшеюі, қайта қабылдау ықтималдығы және жоғары өлім [7]. Осылайша, депрессия коронарлық шунттау операциясынан өткен науқастардың жағдайына да әсер етеді деген қорытындыға келе аламыз. Бұл пациенттерге күтім жасауды ұйымдастыруды жоспарлау кезінде маңызды фактор болып табылады.

Қорытынды. Коронарлық артерияларды шунттау операциясынан өткен науқастарға күтім көрсетуді жақсартудың жаһандық ландшафты хирургиялық нәтижелерді жақсарту, пациенттердің қанағаттанушылығы және ресурстарды пайдалану бойынша бірлескен күш-жігерді көрсетеді. Бұл күш-жігерге медициналық технологияның жетістіктері, дамып келе жатқан хирургиялық әдістер және пациентке бағытталған күтімге баса назар аударылу керектігін көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Nardi P, Pellegrino A, Scafuri A, Colella D, Bassano C, Polisca P, Chiariello L. Long-term outcome of coronary artery bypass grafting in patients with left ventricular dysfunction. *Ann Thorac Surg.* 2009 May;87(5):1401-7. doi: 10.1016/j.athoracsur.2009.02.062. PMID: 19379873.

2. World Health Organization. Prevention and Control of Noncommunicable Disease: Implementation of the Global Strategy. Report by the Secretariat [Online]. 2008 Available from: URL: <https://apps.who.int/iris/handle/10665/23180>. [Google Scholar]

3. Centers for Disease Control and Prevention: Inpatient surgery. Available at: <https://www.cdc.gov/nchs/fastats/inpatient-surgery.htm>. Accessed July 23, 2015.

4. Alexander J.H., Smith P.K. Coronary-artery bypass grafting. *N Engl J Med.* 2016; 374: 1954-1964

5. Tarakji K.G. Sabik 3rd, J.F. Bhudia S.K et al. Temporal onset, risk factors, and outcomes associated with stroke after coronary artery bypass grafting. *JAMA.* 2011; 305: 381-390

6. Newman M.F., Kirchner J.L. Phillips-Bute B. et al. Longitudinal assessment of neurocognitive function after coronary-artery bypass surgery. *N Engl J Med.* 2001; 344: 395-402

7. Kastaun S.Gerriets T. Schwarz N.P.et al. The relevance of postoperative cognitive decline in daily living: Results of a 1-year follow-up. J Cardiothorac Vasc Anesth. 2016; 30: 297-303

МСАК ДЕҢГЕЙІНДЕ ХАЛЫҚҚА КӨРСЕТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ДЕҢГЕЙІ ТУРАЛЫ ТІРКЕЛГЕН ХАЛЫҚТЫҢ ПІКІРІН ЗЕРДЕЛЕУ
